ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№25 (3350) 30 наурыз 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАР СУЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

Қазақстан соңғы бес жылда төтенше жағдайлар салдарын жою үшін 44 миллиардтан астам теңге жұмсапты. Сонда да қар мен жауын-шашыннан келер қауіп күшеймесе, азаймай тұр. Дамыған елдер әжетханадан шыққан суын да өңдеп, шетелдік туристер арнайы ат басын бұрар гүлзар баққа айналдырып отыр. Ал, бізде жыл сайын қайталанатын тірлік «Баяғы жартас бір жартастың» күйі. Құзырлы органдар табиғаттың таза сыйын жақсылыққа жұмсауға ұмтылмақ түгіл, керісінше, ел қоржынан миллиардтап қаржы алып, шығынға батыруда.

(Соңы 3-бетте)

«ҚАЗАҚТЫҢ ТІРІ Я ӨЛІ БОЛУ МӘСЕЛЕСІ»

5-бет

Шымкент қаласы әкімінің назарына!

БАСПАНА БАЛАЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛУЫ ТИІС

7-бет

ЖАЙҚАЛҒАН ЖАУҚАЗЫН

8-бет

ҰСЫНЫС

ШЕНДІЛЕРДІҢ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫН ҰЗАРТУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Полицейлердің зейнетке шығу жасы ұзартылуы мүмкін. Бұл туралы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев депутаттар алдында: «Құқық қорғау қызметкерлері нағыз керек кезде зейнетке шығады. Майорларға – 52, подполковниктерге – 55, полковниктерге – 58, ал, жоғары басқару құрамына – 63 жастан бастап зейнетке шығу қажет» деді.

Халық қалаулылары бұл бастаманы қолдады. Сенатор Әбдәлі Нұралиев дамыған елдерде полицейлер еңбек өтілінің шекті мерзімі қазақстандықтарға қарағанда жоғары екенін айтты. Сонымен қатар, ол Германияда, Канадада, АҚШ-та және Жапонияда құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін зейнеткерлікке шығу 65 жасты құрайтынын атап өтті. Ресейде 2016 жылдан бастап полковниктерге бекітілген шекті жас – 60. Қазақстанда шекті жас полковниктер үшін – 55. Сол себепті, жұмысқа жарамды жоғары кәсіби кадрлардың тұрақсыздығы байқалатынын жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

ДАБЫЛ

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА

Әлемде экология күннен-күнге нашарлап барады. Ғалымдар адамзаттың тұтас өркениет дағдарысына алып келетін қоршаған ортаның ластануы жағдайында өмір сүріп жатқанын жасырмайды. Әрине, бұдан Қазақстан да сырт қалып отырған жоқ. Табиғатты қорғау мақсатында қаншама шара қабылданып, қыруар қаржы бөлінсе де, еліміздің экологиялық жағдайы сын көтермейді. Керісінше, таза судың қоры азайып, ауаға тасталып жатқан радиациялық қалдықтар мен қоқыстар проблемаларды ушықтыруда. Бағалы аң-құстар мен балықтардың өсімін қалпына келтіру қиынға түсуде. Тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, судың, ауаның ластануы салдарынан жекелеген аймақтарда обыр, тері, өкпе аурулары сынды қатерлі дерттер 40 пайызға артқан.

Қазақстанның тұтастай экологиялық жүйесіне жасалған толыққанды талдау жоқ. Ал, негізінде экология дегенде алдымен тұрғындар саны артып жатқан Алматы, Нұр-Сұлтан, өнеркәсіпті қала Теміртау, Өскеменнің жағдайы алаңдатарлық. Сол секілді Балқаш өзені мен Ертіс бассейнінің тартылуы, Іле Алатауы тау мұздарының еруі де қауіпті. Көптеген жердің бос қалып, тұздануы, және су қоймаларының ластанып, ондағы сирек кездесетін балықтардың азаюы да дабыл қағарлық.

Тоқетерін айтқанда, еліміздің алдында бүкіл әлемге тән экологиялық қауіп-қатерлер: климаттың өзгеруі, жердің шөлейттенуі мен тозуы, биоалуантүрліліктің жоғалуы, топырақтың эрозиясы, ауа мен судың ластануы тұр. Сондай-ақ, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері, өнеркәсіп қалдықтарын кәдеге жарату, ерекше табиғи нысандардың экожүйесін қалпына келтіру және сақтау проблемалары айрықша назар аударуды қажет етеді.

Жуырда ел экологиясына қатысты мәселе Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалық етуімен өткен Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының отырысында көтерілді. Сенат төрағасының айтуынша, экологиялық проблемаларды мемлекеттің қатысуымен ғана шешу қиын. Бұл істе азаматтық сектор, ҮЕҰ, бизнес, жанашыр жандар мен еріктілер тарапынан да белсенді іс-қимыл қажет. Халық арасында экологиялық ойлау мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды дамыту кезек күттірмейді. Сондай-ақ, тиімді заңдар да керек. Бұл тұрғыда Президент бастамасымен Парламент қабылдаған Экологиялық кодекстің маңызы зор.

(Соңы 3-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

Жақыпбай ДОСТАЙҰЛЫ, география ғылымының докторы, профессор:

– Судың тілсіз жау екенін бекер айтпайды. Кейде су тасқынына бейім аймақтар алдын ала дайындалғанымен, мүлдем басқа жақта өзен тасып немесе су қоймасы жарылып әбігерге салады. Сондықтан, судан келетін қатерге әрқашан дайын отыру керек. Әрине, су тасқыны қайталана беретін аумақта қауіптің алдын алу жұмыстары жүргізілгені дұрыс. Ол үшін мемлекет тарапынан арнайы бағдарлама жасау артықтық етпейді.

Төтеншеліктердің есебіне сенсек, су тасқыны қаупінің алдын алу және жою жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде 2017–2020 жылдар аралығында 300-ден астам елді мекен су басу қаупінен аман қалған. Тағы 314 елді мекенде қауіп-қатер азайтылған.

Су тасқыны салдарын жою үшін жыл сайын мемлекеттік бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде. Бірақ, одан жағдай түзелер емес. Яғни, жыл сайын еріген қар суы мен жаңбырдан көпірлер шайылып, жолдар бүлініп, халық зиян көруде. Осы орайда, су тасқынының алдын алу мүмкін бе? Төтенше жағдайды болдырмау үшін не істеуіміз керек деген сауалдарды мамандарға қойып көрген едік...

Болатхан МАХАТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор:

– Бүгінде көптеген елдер суды үнемдеп пайдаланады. Ауыл шаруашылығында суды тамшылатып суғару әдісіне көшкен. Ал, біздің олармен салыстырғанда жыл сайын қар суынан зардап шегіп отыруымыз ұят. Шыны керек, қар суын жинап, пайдаланбақ түгілі, қалаларда арықтар мен суағарлар дұрыс ойластырылмаған. Соның салдарынан жиналған сулар халыққа ыңғайсыздық тудырады. Құрылыс салу кезінде мұндай техникалық инженерлік жұмыстар мұқият ойластырылуы керек.

Бұған бір мысал келтірсем, Нұр-Сұлтан қаласының басты мәселесінің бірі, осы мөлшерден тыс жауын-шашын кезінде қала көшелері суға толады. Елордаға Венеция деген сыни аттың тағылуы осының дәлелі. Нөсер кезінде кәріз жүйелерінің тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін коллекторлар үнемі тазартылуы қажет.

(Соңы 3-бетте)

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ

Тәуелсіздік алғанына 30 жыл болған Қазақстан үшін халық санын көбейту қашан да маңызды. Өйткені, қауіптің бастысы халық санының аздығынан туындайды. ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы заң талабына сай, Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі мәселелерінің бірі демографиялық ахуалдың нашарлауы болып табылады.

Қазыбек ИСА, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЛГЕ КЕЛУІНЕ КЕДЕРГІ КӨП»

Республика Президенті Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында «Соңғы жылдары түрлі себепке байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды солтүстік және шығыс өңірлерге орналастыруды жандандырамыз» деді. Сарапшылар алыс-жақын шетелдерде 7 млн-ға жуық қазақ тұратынын айтуда. Бұл көрсеткіш Қазақстан халқының 38 пайызына тең. Олардың 15-20 жылда ассимиляцияға ұшырау қаупі өте жоғары. Демографиялық аспектіде қазақ ұлты үшін бұл үлкен әлеует болып табылады. Қазір Қазақстанға қоныс аударуға ынталы шетелдік қазақтардың саны 1,5 млн адамға жуықтайды екен. Осы адами ресурсты біз неге дұрыс пайдаланбаймыз? Бұған кім кедергі?

1993–2021 жылдар аралығында бөлінген квота кестесіне қарасақ, адам саны жүз еседей азайып кеткен. 1993 жылы ел болып, есімізді жиып, етегімізді жауып жатқанда 60 мың, 2010 жылы 100 мыңнан аса адам қабылдаған Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында 1426 адамға ғана квота бөлген. Бұрынғы межеден жүз еседей төмен антирекордқа жететіндей басымызға не күн туды?

Мұның бірден-бір себебі, кезінде көші-қонды жандандырған Көші-қон агенттігінің жойылып, миграциямен айналысу әр министрлікке, квотаға ұсыныс беру әр облыс әкімшілігіне берілгенінен болып тұр. Әкімдер шетелдегі қандастарымызды шақыруға құлықсыз. Өйткені, қоныстанушыларды орналастырудың қиындығынан қашады. Олардың ел ырысын емес, жан тыныштығын ойлауының кесірінен квота бөлу күрт қысқарды. Мысалы, жоғарыда атап кеткендей, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстары 2017–2021 жылдары квота бөлуге бес жыл қатарынан бір де бір адам ұсынбаған. Сондықтан, бүгінде әр министрлікке шашырап кеткен басқармаларды бір органға жинап, Демография және көші-қон жөніндегі агенттікті қайта құру керек. Екіншіден, қандастарымыздың азаматтық алу мәселесі әлі қиындықтан шыға алмай келеді. Мысалы, Ресей, Израиль секілді мемлекеттерде азаматтық алу үшін бір ғана құжат талап етіліп, мәселе бір күнде шешілсе, кең байтақ жерімен салыстырғанда халқы өте аз Қазақстанда бұл тұрғыда 48 құжат жинау қажет. Біз де қандастар үшін қажетті құжат санын барынша шектеп, оларға азаматтықты бірден беру мәселесін шешуміз керек.

Азаматтық алуда жинайтын қаптаған құжат саны аздай, кейінгі кезде тағы бір қиын кедергі пайда болды. Шетелдегі қазақтардың өздерінің қазақ екенін дәлелдеу мен оны құжат жүзінде рәсімдеуі ең басты мәселенің бірі болып отыр. Сондықтан, этникалық қазақ екендігін дәлелдейтін құжатты беру тетігін дұрыс жолға қоймасақ, алдағы аз уақытта көп қандасымыздан айырылып қалу қаупі басым.

Қандастарды, әсіресе, елдің солтүстігіне қоныстандыру қажет. Бұл өңірлердегі ауылдарда бос қалған үйлердің бағасы 200-500 мың теңге аралығында. Ал, әкімдік салып беріп жатқан үйлер үшін 7,5 млн талап етеді. Қандай адам 40 есе қымбат үйге ұмтылады? Шеттегі қандастарымызды жүйелі түрде көшіріп алу, біріншіден, Тәуелсіз мемлекетіміз үшін аса маңыздысы халық санын арттыру. Екіншіден, қазір кейбір шет елдерде өз тілінде оқи алмай, ана тілі мен ұлттық ғұрыптарынан айырылып қалуда, мысалы, Қытайда кейінгі кезде, АҚШ бастаған алпауыт елдер айыптап жатқан саяси қысымға түсуден құтқарады.

Тағы да қайталап айтамын, бұл үшін бізге Демография және көші-қон жөніндегі агенттікті қайта құрып, өңірлерге қандастарды кіріктіру, олардан азаматтық алу үшін талап ететін тұрақты тіркеуді жеңілдету жұмыстарын бейімдеу-кіріктіру орталықтарына жүктеу керек. Сонымен бірге, ХҚКО арқылы ҚР азаматтығын қабылдайтын арнайы бөлім ашып, «бір терезе» қағидаты бойынша құжат тапсыруға мүмкіндік беруді жүзеге асырған жөн.

Дайындаған А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

ҰСЫНЫС

ШЕНДІЛЕРДІҢ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫН ҰЗАРТУ ҚАЖЕТ ПЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Министрдің сөзінше, өте тәжірибелі, кәсіби мамандар 45-55 жаста қызметімен қош айтысуға мәжбүр. Өйткені, заңға сай, полицейлер қызметтік пәтерді жекешелендіру үшін зейнетке шығуы керек. Сондықтан, Е.Тұрғымбаев бұл норманы алып тастауды ұсынды. Министр сөзіне жүгінсек, қызметкерлер ішкі істер органдарына 22 жасында келеді, 20 жылдан соң олар өз саласы үшін ең білікті маман болады. Мәселен, подполковниктер ішкі істер органдарына қажет бөлімше немесе орган бастығы. Ал, қазіргі заңның негізінде біз оны зейнетке шығуға итермелейміз. 20 жылдан аса өмірін ел тыныштығын қорғауға арнаған маманға қызметтік пәтерін жекешелендіру құқығы берілуі тиіс. Ал, 20 жыл еңбек өтілі бар полиция қайтыс болса, оның отбасы мүшелері осы мүмкіндікке ие болуы тиіс. Себебі, білікті кадрлардың жұмыстан кетуінің бір себебі осы жайтпен де байланысты.

Көп елде қылмыстық іздестіру сапындағы қызметкерлер мен жұмысы кабинетпен байланысты жедел уәкілдер зейнетке ерте шығады. Өйткені, олардың жұмысы уақытпен санаспайды. Физикалық және психологиялық тұрғыда стресске жиі ұшырайды. Мәселен, Австрияда қарапайым азамат 65 жасында, ал, полицейлер 58-ге келгенде еңбегінің зейнетін көруге құқылы. Ал, біздегі құқық қорғау қызметкерлерінің қызмет ету жасы ұзартылуы қаншалықты әділ әрі тиімді болмақ?

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жаңаөмір ЖАМАЛОВ, ішкі қызмет полковнигі:

– Өзім де талай жыл құқық қорғау саласында қызмет жасадым. Қазір Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Полицейлердің 60 жастан зейнетке шығуына қарсымын. Өйткені, олар күні-түні, тоз-тозы шығып қызмет істейді. Тамақтарын да дұрыс ішпейді, отбасы түгілі өз денсаулықтарына көңіл аударуға уақыттары жоқ. Заңды демалысының өзінде тыныш жатқызбайды, кез келген уақытта жұмысқа шақырып алады. Жылына бір рет орталық госпитальге жатып, ем алатын заңды мүмкіндігіне де қол жеткізе алмайды. Себебі, жұмыстан қолдары тимейді. Сөйтіп жүргенде денсаулықтары нашарлайды. Қарапайым мысал, дұрыс ұйықтамаған адамның денсаулығы темірдей мықты деу күлкілі. Ал, денсаулығы жоқ қызметкерді жұмысқа жегіп қою қаншалықты дұрыс?

Қатардағы полицейлер денсаулығын күтуге басшылық та құлықсыз. Ереже бойынша құқық қорғау қызметкерлері жылына бір рет медициналық тексерістен өтіп, 15 күн стационарлық ем-шара алуы керек. Бірақ, бұл бізде іс жүзінде орындалмайды. Мұндай мүмкіндікті ардагерлер ғана пайдаланады. Ішкі істер органдарында соңғы 5 жылда қызметкерлерді жұмыстан босату үрдісі белең алды. Митингілер мен түрлі төтенше жағдайларда қызметкерлер жетіспейді. Сосын не істейді, түнгі кезекшіліктен шығып, демалуы тиіс қызметкер ұйқы көрмей сапта тұрады. Одан сапалы жұмыс күту мүмкін бе? Материалдық жағдайларын айтпағанда, құқықтары қорғалмайды. Басқаның құқығын қорғауға құлықсыздық осыдан шығады. Олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жоғарыдағыларды қызықтырмайды. Есесіне ертелі-кеш жұмыс істеуін қалайды. Өкініштісі, ішкі істер саласындағылардың көбі қызметтік өрлеу, өзін-өзі көрсету, жарнамалау үшін жүреді. Тіреуі жоқ, қарапайым қызметкерлердің еңбегі бағаланбайды. 15–20 жыл қызмет істеп «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісін ала алмағандар Ардагерлер кеңесін жағалап жүр. Еңбегі бағаланбайтын қызметте ұзақ уақыт жүруге полицейлердің жүйкесі шыдай ма? Өз жұмысын сүймейтін адам зейнетке шығуды ғана ойлайды. Ондай қызметкерді ұзақ ұстап отырудың қандай қажеті бар? Жоғары басшылық зейнет жасын 60-тан асыруды ұсынуда. Өз басым зейнет жасын ұзаққа созуды құп көрмеймін.

Ирак ЕЛЕКЕЕВ, заңгер-құқықтанушы:

– Полицейлердің көпшілігі күн сайын кезекшілікте жүреді. Көлікте ұйықтайды, неше түрлі адамдармен кездеседі. Яғни, күнделікті қызметінде күйзеліске түсетін учаскелік инспекторлар мен жол сақшыларының зейнет жасын ұзарту қисынсыз. Ал, таза кеңседе қағазбен отыратындардың зейнет жасын созуға қарсылығым жоқ. Бізде заң қабылданса, ережені бәріне бірдей жасайды. Мысалы, інім қылмыстық іздестіруде жұмыс істейді. Теңізге батып кеткен адамдарды құтқару үшін күннің суығында бір жарым сағат суда жүрді. Сол бауырым қазір қатты ауырып жатыр. Халықпен бірге ыстық-суыққа кеудесін тосып жүргендерді ұзақ ұстауға болмайды. Денсаулықтарын ойлау керек. 45-55 жасында зейнетке шығарудың басты себебі осында.

Ішкі істер министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңесті басқардым. Сол тұста кеңсе жұмысындағылар мен баспасөз хатшыларында, тіпті, бухгалтерлер де де майор, подполковник, полковник шендері болды. Солардың барлығын алдырып тастадық. Сол кезде бір министрден «Оларға шеннің қажеті не осы?» деп сұрадым. «Ой, іс-шараларда олар да көшеде тұрады» дейді. Ал, оларға көшеге шығудың қажеті не? Тағы бір жайтты айтайын, бізде министр түгілі бөлім бастығының кабинетіне кіре алмайсың. Министрлер үйін күні-түні полицейлер күзетеді. Өмірін күзетке арнайтындарға зейнет жасын қартайғанша күттірудің қажеті жоқ.

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖИЫН

КОДЕКСТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Маңғыстау облыстық сотында «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – құқықтық мемлекет нышаны» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынға Маңғыстау облыстық сотының төрағасы м.а. Ержан Қарабаев, Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсапа Примашев, сонымен қатар, судьялар, прокурорлар, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің ғалым-оқытушылары қатысты.

Ержан Қарабаев пандемия жағдайларына қарамай, елде сот-құқықтық реформалардың қарқынды жүргізіліп жатқанын, оның ішінде ең өзектісі – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мен жаңадан құрылатын соттар екенін атап өтті.

Іс-шарада сөз алған Нұрсапа Примашев 1 шілдеден бастап қолданысқа енетін жаңа кодекстің маңыздылығы, Мемлекет басшысының Жарлығымен Жоғарғы Сотта және облыстық соттарда әкімшілік істер бойынша сот алқасы құрылатыны туралы тереңірек баяндады. Бұған қоса аталған заңнаманы атқарушы билік пен құқық қорғау органдарында түсіндіру-насихаттау жұмыстарын белсенді жүргізуді ұсынды. Облыстық соттың судьясы Гүлажар Бақытжанова билік органдарына қатысты азаматтардың белгілі бір салада құқықтары бұзылса, олар сотқа жүгіне алатындығын, ал, мемлекеттік орган сотта өз әрекетінің заңдылығын дәлелдеуі керектігін, сот бұл дәлелдерден бөлек қосымша мәліметтер сұратуға құқылы екенін тілге тиек етті.

Аталған дөңгелек үстелде әкімшілік рәсім, ондағы прокурордың рөлі, мемлекеттік органдардағы ішкі әкімшілік рәсімдер, әкімшілік істердің соттылығы, сот талқылауының жалпы бастаулары, дәлелдемелер және дәлелдеу, әкімшілік талап қою туралы ойталқылар ортаға салынды.

Қатысушылар жаңа кодекс қабылданған соң күшін жоятын «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдардың бүгінге дейін белсенді жұмыс жасамайтынын атап өтті. Сондықтан, нақты әрі жинақы дайындалған заңның өміршең болатындығына сенім білдірді. Жиын соңы қатысушылардың еркін форматта ой-пікір алмасуына ұласты.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАР СУЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы жағынан алғанда тасқынның салдарын жоюға бөлінетін қаржы, құмға сіңген судай болып тұр. Бұл көріністің мемлекеттен қаржы бөлгізудің сылтауы сияқты көңілге мың-сан күдік ұялататыны да рас.

Биыл да ҚР Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин: «Республика бойынша су басу қаупі бар 276 елді мекенде 270 мыңнан астам адам тұрады. Оларды тасқыннан қорғау үшін 2023 жылға дейінгі жаңа Жол картасы бекітілді, оны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден 160 миллиардтан астам теңге бөлу жоспарланып отыр», – деп жар салып отыр. Бұл біздің шенеуніктердің тасқын қаупіне қаржы бөлгізуден басқа мүмкіндікті мүлде ойламайтындықтарының анық көрінісі.

Су тапшылығы мен қуаңшылықтан дихандар еңбегі еш кетіп жатса, шеншекпенділер табиғи судың, яғни, қар мен жауынды пайдаланудың жолын таппай, жөн-жосықсыз шығынға жол беруде. Осы орайда айта кетер жайт, қысы қатал Қызылорда облысының Ақтөбе өңірімен шекаралас ауылдарда кісі бойындай қар түсіп, жол жабылып қалатын кездері аз емес. Бірақ, жолды тазалайтын техникалар жоқ. Ауыл қариялары кеңес дәуірінде осы ауылдарда ондай техникалардың көп болғанын, олардың жекешелендіру ұранымен талан-таражға түскенін айтады. Төтенше жағдайға бөлінетін миллиардтарға ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін жеңілдететін, нақты айтқанда, қыста қар аршып, су тасқынына қалмаудың жолын қарастыратын техникалардың алынбайтынына еріксіз қынжыласың.

Мұндағы мамандар мәліметіне сенсек, Үкіметтің қолдауымен мемлекеттік материалдық резервтен өңірлер үшін 365 бірлік техника шығарылған. Биыл да жанар-жағармай, инертті материалдар және құм салынған қаптардың қоры жасалған. Төтеннен келер шығындарға арнайы резервтер көзделіп, 38 миллиардтай теңге бөлінген. 38 мың адамнан асатын азаматтық қорғау құрылымдары, 13 мыңға жуық техника, 500-ден астам жүзу және 2 500-ден аса су сору құралдары дайын тұрған көрінеді. Өкініштісі, көктем келмей жатып, Атырау облысында тасыған өзен салдарынан көпірлерді су шайып кетті. Сағыз ауылдық округінің әкімі Нұрәлі Әбишан: «Қалың қар, артынша жауған жаңбыр жағдайды ушықтырды. Ноғайты өзенінің үстімен өтетін көпір қирап қалды. Енді қайтадан жаңа көпір салу керек», –деп мәлімдеме жасады. Алматы облысында да жаңбыр салдарынан үш ауылды су басты. Атап айтқанда, Ескелді ауданының Ешкіөлмес және А.Алдабергенов, Көксу ауданының Талапты ауылдарында 40-тан астам үйдің қора-қопсысы суға толды. Бұл тұрғыда тиісті шаралар жасалды. Дегенмен, салдарды жойғаннан гөрі, оның себебін анықтап, алдын алу маңызды. Мұны ел тағдырын сеніп тапсырғандар түсінер деген үмітін халық 30 жылдан бері өшірмей келеді.

P.S. *Блогер Өркен Кенжебек Дубайға барған сапарынан кейін әлеуметтік желіде арнайы пост жазды. «Miracle Garden деген жеріне бардым. Бұл – әлемдегі ең үлкен гүл бағы. 45-50 млн гүл жайнап тұр. Осы бақ жайлы алғаш білгенде «Бұл арабтардың басына күн өтіп, әбден есірген екен. +50 градус ыстықта, құмда 50 млн гүлді өсіру уақыттан да, судан да ысырап емес пе?» деп кейігенмін. Білсем, күніне 767 мың литр су жұмсалады екен тағы. «Нағыз ысырап» дедім. Ары қарай білсем, бұл Дубайдың лас, жуынды, канализация суы екен ғой. Соны осында әбден тазартып, түнде гүлдерге құяды. Қараңыз, канализация суы да ысырап емес. Шөлде гүл де өсіп тұр. Турист келді. Аты шықты. Аты шықты дегеннен шығады, бұл бақта Гиннестің кітабына кірген үш жетістік тұр. Осыны білгенде арабтарға тағы да басымды идім. Не деймін? Мәләдес деймін!» дейді. Расында да бас иерлік тірлік.*

МӘСЕЛЕ

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ондағы нормалардың нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласында жаңа ережелер жасалып, «ластаушы төлейді және түзетеді» қағидаты іске асады. Ластаушыларға айыппұл төлемдерінің мөлшері артады.

Жиында Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев атмосферадағы ауаның сапасы мен қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу деңгейінің төмендігі күн тәртібіндегі бірінші мәселе екенін атады. Министрдің сөзінше, атмосфераға тасталып жатқан қалдық көлемі өсуде. Ол келтірген деректерге жүгінсек, 2020 жылы қалдықтар 2019 жылмен салыстырғанда 6 млн тоннаға артқан. Сондай-ақ, су ресурстарын үнемдеу саласында инфрақұрылымның ескіруі, судың ысырап болуы, үнемдеуге ынталандырудың жетіксіздігі орын алып отыр.

М.Мырзағалиев сөзінен түйгеніміз, 2025 жылға дейін экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі Жол картасында қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған жаңа 24 полигон салу, ластанған жерлерді қалпына келтіру, жаңа 7 кәріз қалдықтарын тазарту кешенін салу және 12 құрылысты қайта жаңарту, сондай-ақ, 2050 жылға дейінгі төмен көміртекті дамыту тұжырымдамасын әзірлеу жұмыстары қамтылған. Сонымен қатар, осы құжат аясында экономиканы декарбонизациялау сценарийі мен «жасыл өсім» бойынша шаралар жүзеге асырылмақ.

Экологиялық проблемаларды шешуге, табиғи ресурстарды үнемдеуге және тұрақты дамуға қатысты сындарлы ұсыныс-пікірлер ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың эколог-зерттеушісі, ғылым және технологиялар саласындағы PhD Айымгүл Керімрайдің пікірі назар аудартты. Ол еліміздегі экологиялық мәселелерді шешуге азаматтардың белсенді қатысуы үшін ауада ластаушы заттардың концентрациясы жоғарылығы жайлы халықты жедел хабардар ету жүйесін құруды ұсынды. Жалпы, ауа сапасы туралы ақпарат жаңалықтар сайттары мен телеарналарда көпшілікке қолжетімді болуы керек. Ауаның сапасы туралы ақпарат көптеген елде ауа райы болжамымен бірге беріледі. Ауа райының қауіпті жағдайын хабарлайтын SMS-хабарлама сияқты ауаның ластану деңгейі жоғары болғанда да ақпарат берілуі керек. Бұл азаматтардың қоршаған ортаның тазалығын сақтауға деген ынтасын оятады.

Ұлттық биотехнология орталығындағы Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Мақсат Жабағин Ұлттық биобанк құруды ұсынды. Бұл Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар түрлерін сақтауға мүмкіндік береді. Жалпы, Қазақстанда өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің тізіміне флораның 387 және фаунаның 224 түрі енген. Қазіргі кезде сирек кездесетін әрі жойылып бара жатқан тірі табиғат түрлерін қорғаудың дәстүрлі шаралары міндетті түрде инновациялық технологиялармен толықтырылуы керек. Атап айтқанда, «биодепозитарий» немесе «биобанк» деп аталатын биологиялық ресурстар орталықтарында жүзеге асатын криоколлекцияларда жасуша материалдары сақталғаны жөн.

Мұндай биобанк халықаралық стандарттарға сай келетін инфрақұрылымы бар, ғылыми мақсат және ұтымды пайдалану үшін биологиялық үлгілерді жинау, сақтау, өңдеу және тарату жөніндегі бірыңғай оператор бола алады. Осы ретте ол сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлердің мұздатылған жасушалық материалдары сақталатын Frozen Ark халықаралық консорциумын, М.В.Ломоносов атындағы ММУ-нің «Нұх кемесі», сондай-ақ, АҚШ ұлттық денсаулық институты жанындағы тірі жүйелер депозитарийі және жаңа биологиялық белсенді заттарды іздеуге пайдаланылатын әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің 100000-нан астам сығындылары сақталатын Natural Product Repository коллекциясын мысалға келтірді.

Жас сарапшыларымен кездесуде, сондай-ақ, тұрақты даму мен экологияның басқа да мәселелері талқыланды. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев барлық ұсыныстар парламентшілердің заң шығару жұмысында және тиісті министрліктің қызметінде ескерілетінін атады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәкен АЛДАКЕНОВ, Семей қаласының тұрғыны:

– Шығыс Қазақстан өңірі жауын-шашын, қар суынан жыл сайын зардап шегеді. Сақтық шаралары алдын ала жүргізілсе, бұлай болмас еді. Жасыратыны жоқ, төтеншелік мамандар суды сорып, тұрғын үйлерге тиетін зиян салдарын азайтуға барынша тырысады. Бірақ, тұрғындардың құлаған қорасы мен қисайған шарбағын жөндеп бермейді. Арам өлген мал мен құсымыз, рәсуа болған астығымыз үшін өтемақы да алмадық. Су тасқыны халық үшін үлкен қауіпке айналды. Қар қалың түссе, уайым күшейеді. Сондықтан, су тасқынына бейім өңірлердегі қар мен жаңбыр суын жинап, дұрыс мақсатта қолданатын кез жеткен секілді.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

МЕМЛЕКЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ УАҚЫТЫЛЫ РӘСІМДЕУ МАҢЫЗДЫ

Нәзік жандылар үшін ана болудан асқан бақыт жоқ. Себебі, адам ұрпағымен көрікті. Бала – ата-ананың ғана емес, жалпы елдің болашағы. Мемлекетіміз ана мен бала құқығын қорғауды алдыңғы орынға шығарған. Сондықтан, әрбір ананың баланы өмірге әкелер алдындағы машақаттардан бөлек, мемлекеттік төлемдерді рәсімдеу жағынан да сауатты болуы керек.

Осы тұрғыдан пайдалы ақпараттармен бөлісуді жөн көріп отырмыз. Мәселен, кірісінен айырылу жағдайындағы төленетін әлеуметтік төлем болашақ ананың жұмысқа жарамсыз күндерін, орташа айлық кірісін және зейнетақы төлемінің тиісті көлемін ала отырып есептеледі. Бұл төлемді рәсімдеу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына келесі құжаттарды өткізу қажет. Солардың ең біріншісі – жеке басты куәландыратын құжат. Бұдан кейін банк шоты жайлы мәліметі, жұмысқа жарамсыздық парағы, егер болашақ ана жеке кәсіпкер болса, кәсіпті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі керек.

Ескерерлігі, құжаттарды тіркелген мекенжайына қарасты ХҚО-ға еңбекке жарамсыздық парағын алған сәттен бастап 1 жыл ішінде өткізуге болады. Құжаттар толық тапсырылған соң, 8 жұмыс күні ішінде төлемдердің тағайындалғаны жайлы SMS-хабарлама келеді.

Амантай ЕГЕМБЕРДИЕВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі

ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жақыпбай ДОСТАЙҰЛЫ, география ғылымының докторы, профессор:

– Дайындық жұмыстары қашан да керек, онсыз болмайды. Өйткені, қамсыз отыру қауіпті одан әрі еселеп жіберуі мүмкін. Өңірлердегі әкімдіктермен бірлесіп, өзендердің неғұрлым қауіпті учаскелерінде инженерлік-қорғау жұмыстары жүргізіліп, каналдар мен арық жүйелері, автомобиль және темір жолдарда орналасқан су өткізу құрылыстары тазартылып тұруы керек. Былтыр көрші елде су қоймасы жарылды. Содан ағып келген су еліміздегі көптеген құрылыстарды бүлдірді. Каналдар тазартылмағандықтан, шығын көп болғаны айтылды. Осы себепті, еліміздегі арықтар мен каналдарды үнемі жаңалап, суды бұрып әкету жұмыстары уақытымен жүргізілсе, қар мен жаңбыр суын тоқтату оңайлай түсер еді.

Ірі қалалар болмаса, көптеген елді мекен, аудандарда қар шығару жұмыстары уақытылы жүргізілмейді. Жергілікті әкім-қаралар иесіз су қоймаларын үнемі бақылап отырмаса болмайды. Қар суын жинап, ауыл шаруашылығына пайдалансақ, пайдасын көп көрер едік. Бізде осы жағы кемшін болып жатыр. Ниет болса, су тасқынын алудың жолдары оңай. Оған шенеуніктердің жауапкершілігі мен іскерлігі жетіспеуде.

Болатхан МАХАТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор:

– Кез келген жерге қоқыс тастайтындарға әкімшілік жаза барынша қатаңдатылуы керек. Себебі, бітелген арықтар судың жиналып, тас жолдардың бетін басып мерзіміне жетпей тоз-тозы шығуына алып келеді. Су қашанда өз арнасымен ағады. Тек мұны дұрыс ойластыру керек. Сондай-ақ, тұрғындар құрылыс кезінде өрескел қателіктерге жол беріп, өзен арналары мен арықтардың бітелуін қолдан жасайды. Төтенше жағдай бола қалса, мамандарды кінәлайды. Сондықтан, төтеншелік мамандар тұрғындардан қауіпсіздік ережелерін сақтауды, арықтарды қар мен қоқыстан уақытылы тазартуды сұрап жатады.

Өзендер жақын орналасқан ауылдарға жиі қауіп төндіреді. Жергілікті жердегі әкім-қаралар өзендерге жақын орналасқан тұрғындар қауіпсіздігі үшін оларды қауіпсіз аймаққа көшірсе немесе ұдайы өзен арналарын тазалап отырса, біраз мәселе шешімін табар еді. Осы секілді жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы су тасқынына бөлінетін миллиардтарды үнемдеуге болады.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ПІКІР

ЖАҢА ЗАҢ ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСЕДІ

Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекс заман талабынан, уақыт қажеттілігінен туды. Кез келген дамыған қоғам өзінің демократиялық қалыптасу жолында әртүрлі кезеңдерден өтеді. Құқықтық жүйесін жетілдіріп, зайырлы ел стандарттарына иек артады. Мемлекеттік реформалар бастауы да осы құқықтық жүйенің кемел, пәрменді азаматтық институтқа айналуымен тікелей байланысты. 1 шілдеден бастап қолданысқа енетін бұл заң сот жүйесіне, әділет саласына жаңаша серпін береді деп күтілуде. Елдегі сот жүйесі алдағы уақытта әкімшілік істерге қатысушы тараптың түсінік, арыз, өтініштерімен ғана шектеліп қалмайды. Ендігі таңда әкімшілік істі әділетті, дұрыс шешу үшін маңызды делінетін барлық мәселе жан-жақты, толыққанды, шынайы зерттеледі. Бұл заң судьяларға жаңа өкілеттіктер мен құзырет беріп отыр. Енді судья әкімшілік істің нақты әрі заңды тұстарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің құқықтық пікір көзқарасын айтуына болады. Бұрынғы заңдар судьяға мұндай құқық бермеген. Судья іске байланысты пікір білдірмейтін. ҚР Әкімшілік рәсімдік процессуалды кодексі негізінде судья енді қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинай алады.

Сондай ақ, аталмыш заңда татуластыру рәсімдеріне қатысты біраз мәселе көтеріледі. Егер тараптар дауды татуласу, медиация немесе партисипативтік жолмен шешуге бекісе, онда ол мәселеде келісім жазбаша түрде жасалады. Бұған екі жақтың өздері немесе олардың өкілдері қол қояды. Тараптардың татуласуына судья жағдай жасап, процесс барысында істі бейбіт мәмілеге келуге септесе алады. Медиация, татуласу рәсімі немесе оның шарттары заңға қайшы келсе сот оны бекітпейді. Сонымен бірге, судья азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, өзге де заңды мүдделеріне қайшы келетін, оны бұзатын келісімдерге жол бермейді. Мұндай жағдайда істі талқылау жалпы тәртіп негізінде жүзеге асады. Құқықтық саланы ізгілендіру мақсатында сот жүйесі үшін де, құқықтық сала қызметкерлері үшін де тараптардың өзара келісіп, бір-бірімен заң талаптары аясында мәмілеге келуі тиімді тәсіл.

Сот қызметіне жаңа серпін беретін бұл заңның өзге де ізгі жақтары көп. Әкімшілік рәсімдер мен сот үдерісін қадағалау, азаматтардың жария құқықтық дауларда теңсіздік пен алалауға ұшырамау процесін де осы заң қарастырады. Сондай-ақ кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері мен олардың қатынастарын да реттейді.

Бұған дейін мемлекеттік органдар мен қарапайым жұртшылық арасында түсініспеушіліктер мен даулы мәселелер жиі туындайтын және көп жағдайда іс қолында билігі бар мемлекеттік қызметкердің немесе ұжымның пайдасына шешілетін. Қолданысқа енгізілгелі отырған кодекс алдағы уақытта бұл теңсіздікті жояды. Кодекске бұдан өзге де игілікті істер енген. Мамандар бұл кодексті прогрессивті, жаңашыл деп бағалап отыр. Құқықтық жүйедегі жаңа құжатты таныстыру, түсіндіру жұмыстары бүгін де жер-жерде жүзеге аса бастады. Кодексте судьялар маңызды рөлге ие. Себебі, мемлекеттік органдардың шешімдерінің осы кодекс талаптарына сай не сай еместігін анықтайтын да соттар. Бұдан бөлек, алдағы уақытта әкімшілік соттар құрылатыны да белгілі болды. Бұл соттар қарапайым азаматтар мен мемлекеттік немесе басқа да ұйымдардың арасындағы дауларды қарайды.

Кодекс азаматтар құқығының кең көлемде, заң аясында жан жақты қорғалатынына кепілдік береді. Алдағы уақытта енді құқықтық сауатсыздыққа жол берілмейді. Кез келген қазақстандық өз құқығын, мүддесін қорғайтын мемлекеті мен заңы бар екендігіне сенім білдіре алады.

Э.АСУБАЕВА,
Панфилов аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ САПАСЫ АРТУДА

Сот төрелігін жаңа деңгейде жаңғырту шаралары Тәуелсіздік алғалы үздіксіз жүргізіліп келеді. Өйткені, қоғам талабының жылдан-жылға өсуі және экономикалық қатынастардың өзгеруі сот жүйесіне де әсерін тигізеді. Сондықтан, салада түрлі реформа жүзеге асуда. Осы орайда, әділ сот төрелігін қалыптастыру, сот шешімдерінің сапасын арттыру – бүгінгі басты талаптардың бірі дей аламыз.

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асановтың 2019 жылды Сот төрелігінің сапасы жылы ретінде жариялауы бекер емес. Өйткені, сот актілерінің керек емес ақпараттармен толтырылып, «ауыр» заң тілінде жазылуы жұртшылықты бейжай қалдырмады. Тіпті, кей сот шешімдерін заңгерлердің өзі түсінбеуі мәселені одан әрі ушықтырды. Бұл өз кезегінде олардың сапасына өзгеріс қажеттігін байқатты.

Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмады. Өзінің Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажеттігін тапсырды. Президент тапсырмасына орай, сот актілеріне қойылар талаптар күшейтіліп, бүгінде олардың нысаны мен тілі күрт өзгерді. Яғни, сот актілері қысқа және үйлесімді жазылып, тараптардың әрбір дәйектеріне уәжделген жауаптардан ғана тұрады. Сот актілері – судья жұмысының, білім-білігінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар, оның қызметінің ең түпкі нәтижесі. Сондықтан, сот актілерінің тараптарға түсінікті тілде жазылуы қашанда маңызды.

Айта кетер жайт, сот саласындағы жетістіктер мен кемшіліктерге сараптама жасағанда, ең алдымен, азаматтардың пікір-лебізі, сын-ескертпесіне көңіл аударылады. Осы тұрғыдан алғанда, әділ сот төрелігі, оның айнасы іспетті сот актілерінің сапасы – халық сеніміне ие болудың негізгі кілті. Тараптардың сот шешімдерін түсінбеуі апеляциялық шағымдардың көбеюіне әкеліп соғады. Нормативтік қаулыларға енгізілген жаңалықтарға сәйкес, қазіргі уақытта төрағалық етуші сот шешімін жариялаған соң міндетті түрде оған түсіндірме жасайды. Яғни, судья тараптарға істің мән-жайын, мазмұнын қарапайым тілмен түсіндіреді. Осы өзгерістер арқылы халық пен сот арасында алтын көпір орнап жатыр десек те болады.

Сот шешімі – сот жұмысының айнасы, үшінші биліктің беделін көтеретін, судья қабілетінің талапқа сай екенін аңғартатын тетік. Сондықтан, сот актілерінің сауатты ресімделуі, қарапайым тілмен жазылуы, ойды нақты жеткізе білу судьяларға сын. Әрдайым тараптар сот актілерінен өз сауалдарына жауап беретін мәтінді көргісі келеді. Бұл өте орынды, қалыпты талап.

Шолпан ЕСБЕРГЕНОВА,
Алматы қалалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБАЛАРДА БІЛУГЕ ТИІС НОРМАЛАР

Борышкерлерден даусыз талаптар бойынша ақшалай қаражат пен мүлікті өндіріп алу рәсімін оңайлату, сот органдарына жүктемені азайту қажеттілігіне сүйене отырып, 2016 жылы нотариустың атқарушылық жазбасына атқарушылық құжаттың заңды күшін беру арқылы ҚР Нотариат туралы заңына өзгерістер енгізілді. Алдымен атқарушылық жазба деген ұғым борышкерден өндіріп алушыға тиесілі ақша сомасын өндіріп алу немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы нотариустың өкімін білдіреді.

Өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау туралы өтінішті өндіріп алушы мен борышкердің орналасқан жеріне және жазба бойынша орындау орнына қарамастан, кез келген нотариусқа бере алады. Берешекті белгілейтін құжатта атқарушылық жазбаны жасау үшін кредитордың борышкерден тиесілі міндеттемені өндіріп алу құқығының даусыздығы міндетті шарт болып табылады. Басқаша айтқанда, борышкердің белгілі бір игіліктерді қабылдағанын және оның қарсы міндеттерін орындамағанын растайтын құжаттар қажет.

ҚР Нотариат туралы заңының 92-1-бабының 14-1-тарауына сәйкес, нотариустар атқарушылық жазбаны белгілі бір шарттар сақталған кезде, яғни, ұсынылған құжаттар борышкердің өндіріп алушы алдындағы берешегінің немесе өзге де жауапкершілігінің даусыздығы расталған, сондай-ақ, талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе ғана жасайды. Бұл нормалар азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға қайшы келмейді. Өйткені, нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы атқарушылық жазбаға дау айту немесе туындаған дауды сот тәртібімен шешу туралы талабымен де сотқа жүгінуге кедергі келтірмейді.

Тәжірибе көрсеткендей, бүгінде атқарушылық жазба коммуналдық қызметтерді жеткізушілерде, ломбардтарда және микроқаржы ұйымдарында үлкен танымалдылыққа ие. Нотариат туралы заңның 92-5-бабына сәйкес, егер заңнамада өзге мерзімдер белгіленбесе, атқарушылық жазба, ол жасалған күннен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін. Атқарушылық жазбаны ұсыну үшін өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру ҚР Азаматтық-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Атқарушылық жазба жасалғаннан кейін нотариус оның көшірмесін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге береді. Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайы немесе белгілі тұрғылықты жері, т.б. бойынша да жібере алады.

Хабарлама адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, атқарушылық жазбаның көшірмесі тиісті түрде жіберілді деп есептеледі.

Атқарушылық жазбаны нотариус мәжбүрлеп орындатуға АІЖО ААЖ ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта да, сондай-ақ, өндіріп алушының өзі де ұсына алады. Сот орындаушысының өзіне атқарушылық жазба келіп түскен кездегі іс-әрекеттері атқарушылық құжаттардың басқа түрлері келіп түскен кездегі іс-әрекеттерге ұқсас. Үш жұмыс күні ішінде атқарушылық іс-жүргізуді қозғайды және мәжбүрлеп орындату шараларын қабылдайды.

Атқарушылық жазбаларды орындау кезіндегі проблема оларды салыстырмалы түрде оңай жою мүмкіндігі болып табылады. Жеке сот орындаушысына жүгінген кезде борышкерден жазбаша өтінішін алу арқылы атқарушылық жазбаның көшірмесін беру үшін жүгіну фактісін тіркеу қажет. Бұл нотариустарға сол бір атқарушылық жазбаның күшін жою туралы бірнеше рет қарсылық білдіруді болдырмайды.

Борышкер атқарушылық жазбаның көшірмесін алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған нотариусқа мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын хабарламамен жазбаша түрде жіберуге құқылы. Борышкердің қарсылығында мәлімделген талаппен келіспеу себептері қамтылуға тиіс. Борышкердің қарсылығы талаптың талассыз болуын тоқтатады, яғни, бұл тараптар арасында дау барын білдіреді. Қарсылық келіп түскен кезде нотариус атқарушылық жазбаның күшін жою немесе жазбаның күшін жоюдан бас тарту туралы қаулы шығарады. Борышкерге жауап немесе жай хат нысанындағы жазбаның күшін жоюдан бас тартуға жол берілмейді.

Нотариат туралы заңның 92-8-бабының 2-тармағына сәйкес, нотариутың қаулысымен борышкердің қарсылығы бойынша атқарушылық жазба жойылмаған жағдайда, оны даулау ҚР АПК-нің 45-тарауына сай сот тәртібімен жүзеге асырылады. Бұл ретте тікелей нотариаттық іс-әрекеттерге, атап айтқанда, нотариустың нотариаттық жазба жасауына шағым азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады. Нотариустың борышкер қарсылығын қараудан және атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартуы сот тәртібімен шағымдануға жататын дербес нотариаттық іс-әрекеттер болып табылмайды.

Атқарушылық жазбаның күші жойылған жағдайда, ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңның 47-бабы 1-тармағының 5) тармақшасымен көзделген негіздер бойынша сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді тоқтатады және қабылданған орындауды қамтамасыз ету шараларының күшін жояды.

Мерей ШУДАНБЕКОВ,
Қарағанды облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

ЖЕР ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

«ҚАЗАҚТЫҢ ТІРІ Я ӨЛІ БОЛУ МӘСЕЛЕСІ»



«Қай заманда да жер дауын бірінші орынға қойған қазақ халқы үшін ата-бабадан қалған бай мұра – ұланғайыр даланы көздің қарашығындай сақтап қалу XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ең өзекті мәселеге айналды. Бұл жөнінде «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 13 сәуірдегі санында жарияланған «Жер мәселесі» атты бас мақалада «Бұл күнде қазақ қажетінің арасында ең біріншісі – жер мәселесі» – деп жазылуы бекер емес-тін. Осы мақаласында Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлы: «Әркім жер деген сөзді жеңіл түсініп жүрген секілді. Бұл терең ойлап, тексере қарайтын іс» дей келе, «Аңдаспаған мәселе» атты еңбегінде «Қазіргі қазақ мәселесінің ең зоры – жер мәсесі. Бұл – қазақтың тірі я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей қателесіп, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан, бұл турасында қазаққа ақыл айтқанымыз қазақ та һәм басқалар да қате ұқпастай етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал» деп өз ойын қорытындылаған.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның 70 адамнан тұратын құрамы жарияланған күннен бастап-ақ, оны сан-саққа жүгіртушілер аз болған жоқ. Біреуі «анау неге жоқ, мынау неге жүр» десе, екіншілері ешкімнің атын атап, түсін түстемей-ақ, бәрін жайдақ атқа теріс мінгізуде. Үшіншілері кімнің қандай азаматтық қоғам институтынан қатысып отырғанына емес, жеке басына көз алартып, елдің назарын басқа жаққа аударуға тырысуда. Сондықтан, алғашқы отырыс өтер-өтпестен әлеуметтік желіде «Тоқаевтың жер комиссиясы жерді сатуды қолдап, қызыл кеңірдек болуда», «Жер комиссиясы неге керек?», «Қазақтың жеріне әйелдердің қатысы жоқ па?» деген сияқты жазбалар көбейді. Бұған комиссияның кейбір мүшелерінің бір-біріне сын садағын кезеп, жұртшылық арасында пікірталас тудыруы мен БАҚ пен әлеуметтік желі қолданушыларының бұрмаланған, мәтіннен үзіп-жұлып алынған жекелеген сөздер мен тіркестерді теріс мақсатта пайдалануы да түрткі болуда. Бұл туралы ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, саясаткер Расул Жұмалы фейсбуктегі парақшасында: «10 сотық жер алу үшін кезекте тұрған 1,5 миллион Қазақстан азаматтарының заңдық құқығын орындау керек» деген сөзімді Kaznews, Nur.kz «Расул Жумалы предложил выделить некоторым казахстанцам по 10 соток земли» қылып бұрмалап беріпті» деп жазды. Сондықтан, Жер реформасы комиссиясының тағы бір мүшесі, Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның Nege.kz тілшісіне берген сұхбатында: «Шынын айту керек, жер мәселесі болсын, басқа да мәселелер болсын, бізде популизм де, саясат та бар. Жұртқа ұнауды көздейтіндер аз емес. Әлеуметтік желілерде кейбір азаматтар билікті жау қылып көрсеткісі келеді» деген сөзінің жаны бар.

Комиссия қалай құрылды?

Мемлекет басшысы 2019 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Менің ұстанымым – жерді игере алатын адам ғана оның иесі болуға лайық» деді. Өкінішке қарай, игерілмей жатқан жер телімін қайтарып алу кезінде істі созбалаңға салудың түрлі амал-айласы орын алатын болды. Осындай жағдайда жерді ешкім пайдаланбай, бос қалады деп ескертті. Сондай-ақ, Үкімет тиісті құқықтық актілерді жедел қабылдап, игерілмей, бос жатқан жерлерді экономикалық айналымға енгізу шараларын қолға алуы жайлы тапсырма берді. Сонымен қатар, 2021 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мәселесі бойынша Жер кодексінің кейбір нормаларына қатысты енгізілген мораторий күшін жоятынын еске салды. Президенттің айтуынша, жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Бірақ, Үкімет ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға енгізудің өзге әдіс-тәсілдерін әзірлеуі тиіс. Аграрлық секторға инвестиция тарту ауадай қажет. Биылғы жылдың басында жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында бұл ойын: «Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн» деп тағы бір нықтады.

Жалпы, елімізде ҚР Президентінің тапсырмасымен 2016 жылы да Жер реформасы жөнінде комиссия құрылған болатын. Сол тұста ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев төрағалық еткен құрамға Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, агробизнес өкілдері, ғалымдар мен қоғам белсенділерінен 75 адам кірген. Оның жұмысы туралы ақпараттарды жариялау үшін арнайы Jerturaly.kz порталы да іске қосылды.

Жер дауы неге азаймай тұр?

Жерге қатысты әңгіме қозғалған сайын әркім өз ой-пікірін айтып, талқылау барысында ұсынылып отырған мәселе бастапқы мақсатынан ауытқып, бағыт-бағдарынан айырылып қалатын жағдай жиі орын алуда. Сондықтан, жеке тұрғын үй құрылысынан бастап, өндірістік, ауылшаруашылық, ғарыштық және қару-жарақ сынақ алаңдарына дейінгі жалға берілетін жердің бәрінде әлі күнге дейін түйткілді жайттар азаймай тұр. Өкінішке қарай, биліктің үш тармағы да өзіне жүктелген міндетті атқаруда өз принциптерін заң аясында қорғауда табандылық көрсете алмай жүргені шындық. Біреуі, оны заңның әлсіздігімен, екіншісі – Үкіметтің жұмысымен, үшіншісі – азаматтық қоғам белсенділігінің төмендігімен байланыстырады. Сондықтан, қала тұрмақ, ауылда да жер алу мұң боп тұр. Бірқатар өңірде жайылымдық, шабындық, егістік жерлер тиімді пайдаланылмауда. Не өзі игермей, не өзгеге бермей, жүздеген, мыңдаған гектар жерді қоршап алып, қызғыштай қорушылар аз емес. Оның бәрі алғашқы отырыста комиссия мүшелері тарапынан айтылды.

Маман пікірі

Жигули ДАЙРАБАЕВ, «Қазақстан фермерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің қауымдастық нысанындағы бірлестігінің басқарма төрағасы:

– Жерді шетелдіктерге жалға беру, сатуға қатысты барлық әңгімеге Президент өзі нүкте қойды. Бұл жер комиссиясының жұмысын біршама жеңілдетті. Қазір ауыл шаруашылығы жерлері қаралып жатыр. Бізге республиканың түкпір-түкпірінен арыз-шағым көп түседі. Шілде айында Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер комитеті, сонымен қатар, филиал басшыларын бірлестік кеңесіне арнайы жинап, талқылағанбыз. Комиссияның алғашқы отырысында мен айтқан 5 мәселенің орындалуын алдағы уақытта да бақылауға аламыз.

Оған төрағалық еткен Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов 25 ақпанда өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында ҚР Президенті ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және шетелдік компанияларға, азаматтығы жоқ адамдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сонымен қатар, қандастарға беруге толықтай тыйым салу туралы саяси шешім жарияланғанын еске салып, заң жобасы 12 наурызда Парламентке енгізілгенін айтты. Бұған қоса әлі де болса шешілмей жатқан мәселелермен 8 мемлекеттік органның күнделікті жұмыс істейтінін жеткізді. Комиссия мүшелері аптасына бір рет бас қосуға уағдаласты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЛЫМ

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

Жамбыл облыстық соты төрағасының бастамасымен облыстық өлкетану музейінде судьялар облыстық сот экспозициясымен танысты. Музейдің оқу залында өткізілген жиында сот саласында ұзақ жылдар қызмет еткен, құрметті демалыстағы судьяларымыз өздерінің естеліктерімен бөлісіп, жастарға жүрекжарды лебіздерін арнады.

Жалпы, облыстық соттың тарихы 1939 жылдың қарашасынан бастау алады. Жергілікті билік органдары құрылып бітпей жатып, өз алдына шаңырақ көтерген облыста бірінші болып өз міндеттерін атқаруға судьялар кіріскен. Сол жылы 3 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының қаулысымен Жамбыл облыстық сотының бірінші құрамы бекітіліп, сот басшылығына Атамқұл Жаңабаев тағайындалды. Облыстық соттың бірінші құрамына алты судья кірген.

Бұдан соң облыстық соттың төрағасы қызметін Т.Әділбаев, Ә.Жұмабеков, М.Давлетов, Д.Демесінов, Б.Баталов, Д.Жұбанышев, А.Садуақасов, Б.Кенжебаев, М.Әбілқайыров, М.Әлімбеков, Э.Иовов, Н.Чиняев, М.Бектұрғанов, Р.Мырзакәрім сынды судьялар мінсіз атқарды. Бұл азаматтардың әрқайсысы сот жүйесінің қалыптасуы мен отандық сот әділдігі жолында қалтқысыз қызмет етті.

Жоғарғы Соттың төрағалары болған Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбеков пен Бектас Әбдіханұлы Бекназаров сияқты ағаларымыздың Жамбыл облыстық сотында қызмет істегендігін үлкен мақтанышпен айтуға болады. Аталған азаматтардың тек облыста емес, республикалық деңгейде мәртебелері биік.

Қазақта «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деген сөз бар. Еліміздің сот саласында жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың өз деңгейінде жүзеге асуында сот төрелігін дамыту мен сот әділдігінің кәсіби деңгейін көтере білген ел ағалары мен қайратты қызметкерлері бар облыстық соттың үлесі зор.

80 жылдық тарихы бар сала жұмысын жандандырып келе жатқан судьялар корпусы мен мемлекеттік қызметкерлердің жарқын болашақ үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын жоғары деңгейде қамтамасыз етеріне, сондай-ақ, халық сенімін ақтап, сот жүйесіне тың жаңалықтар алып келеріне кәміл сенемін.

Ғ.КУЛЕКЕЕВ,
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы

КЕҢЕС

ТҮПНҰСҚАНЫ ОНЛАЙН АЛУҒА БОЛАДЫ

Еліміздегі жағдайға байланысты мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі қашықтықтан көрсетіледі. Дегенмен, әлі де қағазбастылыққа салынып, қажет құжатын алу үшін уақыт кетіретін азаматтар бар. Тұрғындардың көпшілігі электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп, онлайн қызмет алуды қиынсынады. Біз бүгін азаматтарға осы «қиындықтың» оңай әрі жылдам шешілетін жолы туралы айтпақпыз.

Мобильді азаматтар базасы — eGov қызметтерін пайдаланушының жеке мәліметтері жинақталып, сақталатын база. Азаматтардың жеке сәйкестендіру нөмірі базаға енгізілген телефон нөмірімен байланысты болады. Сәйкесінше, базаға тіркелген азаматтар eGov-тің мобильді қосымшасы мен Telegram бот арқылы мемлекеттік қызметтерді онлайн ала алады. EGov порталына ЭЦҚ-сыз бір реттік пароль арқылы кіре алады.

Келесі нұсқаулық арқылы базаға қалай тіркелуге болатынын және осы әрекеттерді жасау арқылы Сіз онлайн түрде, ыңғайлы әдіспен уақытыңызды жоғалтпай мемлекеттік қызметті ала аласыз.

E.gov порталына немесе 1414.kz бірыңғай байланыс орталығының сайтына кіріп, оң жақ төменгі бұрышта жасыл түстегі «Виртуалды ассистент» қызметін таңдаңыз; бейнеқоңырау батырмасын басыңыз; интернет-браузер параметрлерінде бейнекамера мен микрофонға рұқсат беріңіз; байланысқа шыққан операторға жеке куәлігіңізді көрсетіңіз; ЖСН нөміріңізді, телефон нөміріңізді, телефонға келіп түскен бір реттік кодты айтыңыз.

Сондай-ақ, ЭЦҚ көмегімен eGov порталындағы жеке кабинетке кіріп, «Телефон» деген жерге мобильді телефон нөмірін жазып та тіркелуге болады.

Базаға тіркелген азаматтар eGov порталынан 120-дан астам мемлекеттік қызметті ЭЦҚ-сыз бір реттік құпия сөз (SMS код) арқылы ала алады. Telegram ботынан 26 қызметті, Facebook және Vkontakte әлеуметтік желілері арқылы анықтама, ЭЦҚ-ны онлайн, ХҚКО-да немесе портал арқылы рәсімделген құжаттардың дайындығы туралы SMS хабарламалар сондай-ақ, кез келген құжаттың телнұсқасын соның ішінде мектепті бітіргеніңіз туралы аттестаттың не оқу орны дипломының телнұсқасын алуға болады. Аталған мемлекеттік қызмет түрін алу үшін: ең алдымен порталға кіріп, іздеу жолы арқылы «Білім туралы құжаттардың телнұсқасын алу» қызметті табамыз. Қызметке онлайн тапсырыс береміз.

Бірінші қадамда өзіңіз туралы мәліметтерді қайта қалпына келтіретін құжаттың түрін таңдаймыз.

Оқу орны жайлы мәліметтерді ұсынылған нұсқалардан «қосу» батырмасын басу арқылы көрсетеміз.

Екінші қадамда ЭЦҚ арқылы өтінішке қол қоямыз.

Қызмет нәтижесін жеке кабинетімізде аламыз.

Мобильді азаматтар базасында тіркелген көрсетілетін қызметті алушылар порталдың барлық қызметтері мен сервистерінен бөлек egov.kz мысалы, Egovkzbot2.0 және egov mobile бот Telegram мобильді қосымшаларының көмегімен ЭЦҚ немесе анықтамалар алу, сонымен қатар проактивті қызметтерді де ала алады.

Г.МУРЗАБЕКОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті бақылау басқармасының бас маманы

КЕСЕЛ

ТӘЖТАЖАЛ ТҮРЛЕНІП ЖАТЫР

Елімізде коронавирус дерті соңғы аптада өрши түсті. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылдың 27 наурызында берген мәліметіне сәйкес, республика бойынша 1485 адамда коронавирус ПТР арқылы расталған. Жалпы, ел бойынша ауырғандар саны 238 785 адамды құрайды.

Қазіргі таңда тәжтажалдың түрленіп, Алматыда SARS-CoV-2-нің «ұлыбританиялық» және «оңтүстікафрикалық» мутациясының штаммдары анықталған. Бұл туралы 19 наурызда министр Алексей Цой хабарлады. Алматыдағы ҚазҰАЗУ халықаралық вакцинология орталығының басшысы Қайсар Табынов университет қызметкерлерінің, сондай-ақ, TreeGene генетикалық зертханасының жедел және үйлесімді жұмысының арқасында COVID-19-ға оң нәтиже көрсеткен екі үлгінің толық S гені жүйеленгенін мәлімдеді. Ғалым мұндай мутациясы бар вирустардың жұғу деңгейі 70%-ға дейін артатынын да хабардар етті.

Алматыда үш айда КВИ жұқтырғандардың саны 13 мыңнан асып жығылған. 2020 жылы бұл көрсеткіш 18 мың науқасты құраған. Қ.Табынов бұл вирустардың ғалымдарға COVID-19-ға қарсы отандық және шетелдік вакциналар мен дәрі-дәрмектердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретінін ашып айтты.

Вакцина демекші, Ұлыбритания ғалымдарының ескертуінше, коронавирустың оңтүстікафрикалық түрі олардың тиімділігін 30 пайызға төмендетуі мүмкін. Ал, Daily Mail сайтындағы ақпарат SAGE жүргізген талдау нәтижесі бұл штамм вакцинацияланған немесе бұрын вирус жұқтырған адамдар антиденелерінің тиімділігін 10 есеге дейін төмендететінін көрсетеді. Сынақтар AstraZeneca вакцинасына жүргізілген. Ресми түрде B.1.351 деп аталатын оңтүстікафрикалық штаммның тікенекті ақуызында үш негізгі мутация бар, бұл оған иммундық жүйеден «жасырынуға» көмектеседі. COVID-19 адам жасушаларына жабысу үшін өз инесін қолданады, ал, қазіргі вакциналар адам ағзасына осы ақуызды тануға үйрету үшін жасалған. SEGA бразилиялық P.1 нұсқасы аса алаңдаушылық тудырмайтынын, өйткені, оның мутациясы аз, бірақ, біршама төзімді болуы мүмкін екені жарияланды. Оңтүстікафрикалық штамм түпнұсқаға қарағанда 60 пайызға жұқпалы саналады екен. «Спутник V» вакцинасы коронавирустың жаңа штаммдарына төтеп бере ала ма?» деген сауалға қазақстандық ғалымдар ресейлік әріптестерінің аталған вакцинаның ұлыбританиялық штаммнан қорғай алатынын хабарлағанын, енді қазір африкалық штаммға әсерін зерттеп жатқанын айтады.

Министр тапсырмасы

Алматыға арнайы іссапармен келген ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой мәселені инфекцияның одан әрі таралу қаупін, вирустың жаңа мутацияларын ескере отырып шешуге назар аудартты. А.Цой жергілікті атқарушы органдардың, Денсаулық сақтау министрлігінің, қалалық денсаулық сақтау басқармасының, жетекші клиницистер мен санэпидбақылау қызметі мамандарының, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті қызметкерлерімен, КВИ-мен күрес жөніндегі штабтың көшпелі отырысын өткізді.

Министр Алматыдағы эпидемиологиялық ахуалдың бақылау болмағандықтан нашарлағанын айтып, Алматы медициналық активінің алдына бірқатар маңызды міндеттер қойды. КВИ жағдайларының бақылаусыз өсуіне әсер ететін коронавирус ошақтарын уақытылы анықтаудың маңызы зор екенін атаған А.Цой шектеу шараларын қатаң сақтауды, барлық бағыт бойынша инфекцияны оқшаулау жұмысын күшейтуді тапсырды.

Алматы індетпен күреске дайын ба?

Қызыл аймақтағы Алматы қаласында 21-28 наурыз аралығында енгізілген локдаун бүгінде 12 сәуірге дейін ұзартылды. Себебі, қала әкімі Б. Сағынтаев Алматыда індеттің үшінші толқыны басталғанын хабарлады. Екі миллионға жуық тұрғыны бар алып шаһардың жаңа мутацияға ие болған қатерлі індетке қарсы күресуге дайындық деңгейі қандай десек, қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров коронавирусқа шалдыққан науқастарға арналған 28 емханада 7011 кереует, жансақтау бөлімдерінде 250 орын әзір тұрғанын айтты. Бүгінгі таңда бұларда індет жұқтырған алматылықтар емделуде. Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының 90 орынға есептелген филиалы пайдалануға берілді, жалпы саны 1080 кереуетке арналған модульді екі емхана салынды. Ауруды іштен жұқтыруды болдырмау мақсатында қаладағы барлық медициналық мекемелерде зарарсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

Пандемияға қарсы күрес барысында ауруханаға жатқызуды қажет етпейтін қала тұрғындарына қашықтықтан кеңес беретін телемедицина орталығының жұмысы жолға қойылған. Бүгінде орталықтың операторлары симптомсыз және сырқаты жеңіл түрдегі науқастарға тәулік бойы қызмет етуде. Індетке қарсы күрестің алғы шебінде 2000-ға жуық медициналық қызметкер еңбек етсе, 2758-і резервте. Алматыда жалпықалалық медициналық оттегімен қамтамасыз ету бағдарламасы қабылданған. Мақсаты – шаһардағы 16 емханаға оттегімен жүз пайыз қамтамасыз ету. 2020 жылы оттегі жабдығы 6 емханаға қойылса, қалған 10-ы биылғы жылдың межесінде. Арнайы жасақталған тұрақты қор дәріханалар жүйесі мен ауруханаларды қажетті дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз етуде.

Той басталмай жатып тарқады

Әрине, өршіп тұрған дерттің бетін қауіпсіздік шараларын сақтап, атап айтқанда, бетперде тағып, халық көп жиналған жерге бармай, өзін оқшаулап ұстау арқылы ғана қайтаруға болады. Өкініштісі, қала тұрғындары ескертулерге құлақ асып жатқан жоқ. Бұрынғыша той-томалақтан қалмай, отбасылық мерекелерді өткізуде. Жуырда ғана, Алматының Ақсай-4 ықшамауданындағы «Достар сарайы» мейрамханасында өткізіліп жатқан қыз ұзату тойын мониторингтік топ мүшелері тоқтатып, 70-тен астам қонақты таратып жіберді. Той иелеріне қатысты тиісті шара қолданылды.

Қала әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, 21-26 наурыз аралығында мониторингтік топ мүшелері 1911 нысанды тексерген. Нәтижесінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамаған 300 кәсіпкерлік нысанға 230 АЕК көлемінде айыппұл салынған. Бетперде тағу режимін бұзған 693 жеке тұлға ҚР ӘҚТК-нің 425-бабына сәйкес, жауапкершілікке тартылған.

Құзырлы сала мамандары жүргізген зерттеулер наурыз айының үш аптасында ковидке шалдыққан науқастардың 38%-ы – 20-39, 27% – 40-59 жас аралығындағылар, ал, 20% – 60 жастан асқандар екендігін көрсеткен. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері бойынша, індеттің жұғу ықтималдығы қоғамдық орындарда (сауда-саттық, тамақтану нысандары) 42%-ды, қоғамдық көлікте 18%-ды, отбасылық шараларда 2%-ды құраған. Осыған байланысты Алматы қаласының бас санитары Жандарбек Бекшин қалалықтарды ковидке қарсы қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырып, қатерлі топқа жататын жасы ұлғайған және созылмалы сырқаты бар жандардың үйден шықпауын өтінді.

Екпе ғана ем болады

Сала мамандарының пайымынша, қауіпті кеселден сақтанудың бірден-бір тиімді әдісі – вакцина. Екпе алған адамда вирусқа қарсы иммунитет қалыптасып, антиденелер пайда болады. Оның әсері 6 айға, тіпті, 1 жылға жететіні болжануда. Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакциналаудың бірінші кезеңі белсенді жүзеге асуда.

Сәуірде елімізге коронавирусқа қарсы қытайлық Sinovac вакцинасының үш миллион, ресейлік «Спутник Лайт» вакцинасының тағы бір миллион дозасы әкелінбек. Алексей Цойдың сөзіне сенсек, бүгінде Қарағанды зауыты 750 мың доза өндірсе, келесі айда бір миллион доза шығарады. Жеткізу мәселесі бойынша Pfizer компаниясымен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Алматы қаласы денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сәйкес, сәуір айында 81,5 мың алматылық коронавирусқа қарсы «Спутник V» вакцинасын салдырады. «Спутник V» вакцинасының бірінші 1750 дозасы ақпанда алынып, екі компонент те 100 пайызға игерілген. Екіншісі, наурызда 10 800 доза көлемінде болған. Үшінші толқын 3200 доза наурызда жеткізілген. Басқарма өкілдері баспасөз хабарламасында мамыр айында вакцинаның 65 200 дозасын жеткізу жоспары барын, алайда, оның бұдан да көп болуы мүмкін екенін көрсеткен.

Балаларға арналған вакцина

Ересектерді баудай түсіріп жатқан қауіпті кесел балаларды да аяйтын емес. Алматыда мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің індетті жұқтыруы үш есеге (тәулігіне 16 жағдай) және қашықтықтан білім алып жатқан мектеп оқушыларының арасында 4 есеге (тәулігіне 28 жағдай) өсіп отыр. Осы жағдайда «Балаларға арналған қандай вакцина бар?» деген сауал туындайды. Әдеттегідей шетелдік тәжірибеге көз салсақ, американдық Pfizer компаниясы BioNTech неміс серіктесімен бірлесіп жасаған коронавирусқа қарсы вакцинасын 12 жасқа дейінгі балаларға қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау үшін клиникалық сынақ өткізуді бастаған. «Біз серіктес BioNTech-пен бірге 6 айдан 11 жасқа дейінгі балаларға COVID-19-ға қарсы вакцинаның әсерін бағалау үшін жаһандық зерттеу жарияладық», –деді Pfizer компаниясының бас директоры Альберт Бурл Twitter-де.

«Pfizer және BioNTech балалар қауіпсіздігі үш түрлі дозада – 10, 20 және 30 микрограмм егуді жоспарлап отыр. Оған 144 бала қатысады. Вакцинаның I/II фазасын зерттеу үшін екі рет екпе салу жоспарланған. Балалар вакцинаның алғашқы дозасын 24 наурызда қабылдады», – дейді Pfizer өкілі Шарон Кастильо. Мұндай клиникалық сынақтарды американдық Moderna биотехнологиялық компаниясы да өткізген.

Мамандар қолданыстағы заңнамалар бойынша Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балаларды коронавирусқа қарсы егу жоспары жоқтығын айтып отыр.

ПТР-тестсіз шетелге шыға алмайды

Мамыражай өмірімізге карантиндік қатаң шектеулер енгізілген тұста ел ішінде және көршілес мемлекеттермен арада жүретін жердегі көлік қатынасын тыйып тастаған Қазақстанның әуе қақпасының айқара ашық жатқаны халықтың наразылығын туғызғаны есімізде. Шетелден келгендерге қойылар талаптар күшейді. Мәселен, ПТР-тест тапсырмағандар шетелге шыға алмайды. Қазақстанға қайтарда да ПТР-тестсіз туристік компаниялар қызмет көрсетпейді.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ІНДЕТ НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Әлемде COVID-19 вирусына шалдығушылар саны артып, ажал құшып жатқандар қатары көбеюде. Бұл жөнінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының төтенше аурулар бойынша өкілі Мария Ван Керкхове мәлімдеді. Оның айтуынша, мамандар қатарынан бес апта коронавирустың әлем бойынша таралу қарқынының артуына көз жеткізген. Соңғы аптада ауырғандар саны 12 пайызға артқан. Коронавирустың таралу жеделдігінің ұлғаюына жоғары жұқпалылығымен ерекшеленетін британдық штамм ықпал етуде.

Аурудың таралуы еліміздің екі ірі қаласы, яғни, Алматы мен Нұр-Сұлтанда көш бастап тұр. Жағдай бұлайша жалғаса берсе Нұр-Сұлтанда реанимациялық және инфекциялық кереуеттер жетіспей қалуы мүмкін. Бүгінгі таңда қордағы кереуеттің 63 пайызы толған. Ауырғандар санының артуына орай, қалалық стационарларда қосымша кереуеттік қор жасақталуда. Нұр-Сұлтанда 5 мың кереует жабдықтауға болады. Азаматтар санитарлық ережелерді сақтамаса, бар ресурстар жетпей, жағдай ушығуы, соның салдары коронавирустың асқынуы мүмкін екені айтылуда.

Елордалық дәрігерлер аурудың өршуін сақтық шараларының сақталмауымен байланыстыруда. Ресми ақпараттарға сүйенсек, індет наурыз айының алғашқы мереке күндері күшейген. Тұрғындардың 8 наурызды тойлап, халықтың көп шоғыраланатын жерлерге баруы вирустың таралуын жылдамдатқан.

Бас дәрігер сәуір айында тәулігіне 1700 адамның коронавирусқа шалдығатынын болжады. Карантиндік шектеулер аймақтардағы аурудың таралу деңгейіне сай енуде. Сонымен қатар, жаппай екпе салу қолға алынғаны белгілі. Сәуірден бастап вакцина созылмалы аурулары бар және 64-тен асқандарға егіледі. Батпандап кіретін аурудан сақтанбаса – зардабы аз емес екеніне бүгінде көз әбден жетті. Қаншама жан мезгілсіз ажал құшты.

Белгілі дәрігер Ж.Досқалиевтің айтуынша, бұл дерт ағзаның ең күрделі жүрек, бауыр, өкпе секілді органдарын зақымдайды. Сондықтан, аурудың өзімен қатар салдарымен де күресу оңайға түспейді. Вакцинациядан тиімді әдіс жоғын алға тартқан Ж.Досқалиевтің халыққа берер кеңесі – жалған ақпараттарға сенбей, тек ресми орындардың кеңесіне құлақ салып, тез арада екпе жасату керек.

Тоқетерін айтқанда, бұл індеттің лаңы немқұрайдылықты көтермейді. Қазір ауырмай жүрмін деп ойлап, сақтық шарасын ұмыту өзіңді немесе жақыныңды жазылмас дертке шалдықтырып, ажал құштыруы мүмкін. Абайлайық ағайын, сақтанғанды құдай сақтайды.

Төрегелді ШАРМАНОВ, академик:

«САҚТАНСАҚ – САҚТАЛАМЫЗ»

— Халықты жаппай коронавирусқа қарсы екпе салмай індеттің таралуына шектеу қоя алмаймыз. Өйткені, қазақ бір-бірімен араласпаса отыра алмайтын халық. Ешқандай шектеу шаралары бұған тосқауыл бола алмайды. Байқасаңыздар, ешкім карантинге қарап жатқан жоқ. Естуімізше, мейрамхана иелерімен, полицейлермен келісіп, тойларды өткізіп жатыр. Бір-бірінің үйіне соғымбасыға барып жүргендер де жетерлік. Бұл дұрыс емес. Сақтансақ — сақталамыз. Біз тек өзімізді емес, жақындарымызды да қорғау үшін қойылған ортақ талаптарға бағынуымыз керек. Өкінішке қарай, менталитетіміз өз дегенін жасауда. Осының салдарынан карантин нәтиже бермей, аурудың таралу ауқымы артуда. Сондықтан, екпені жаппай жасаудан өзге жол жоқ.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА
«Заң газеті»

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

БАСПАНА БАЛАЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛУЫ ТИІС

Газетімізге Шымкент қаласының тұрғыны Айтбай Дүйсебаев хабарласты.

Тағдыры маңдайынан сипамаған 72 жастағы қарияның өмір жолы бұралаң соқпақтарға толы екен. Тұрақты жұмысы болмай, бірнеше рет үйленіп, ажырасып жүріп, соңғы он жылдан бері өзінен 26 жас кіші Сорока Лиана Федоровнамен азаматтық некеде тұрып келген.

Айтуынша, 2013 жылдың 4 қыркүйегінде өздері тұрып жатқан Шымкент қаласы, «Қайнар бұлақ» саяжайында әйелі Л.Сороканы өлтірді деген айып тағылып, Оңтүстік Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімімен ҚР Қылмыстық кодексі 96-бабының 1-бөлімі бойынша кінәлі деп танылып, 9 жылға бас бостандығынан айырылған.

А.Дүйсебаев сотталып кеткенде, артында Лиана екеуінен туған Елизавета (04.09.2005 ж.т.) және Мақсат (16.05.2007 ж.т.) есімді кәмелетке толмаған қыз бен ұл балалар үйіне орналастырылған. Анасының жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауына байланысты Лиза мен Мақсаттың туу туралы куәліктері уақытында алынбай, құжатсыз жүре берген. А.Дүйсебаевтың құжат алу үшін бармаған жері, қақпаған есігі қалмапты. ҚР ОҚО ІД Шымкент қаласы әл-Фараби ауданы ІІБ-нің 2011 жылғы 4 сәуірдегі №99 анықтамасында 1974 жылдың 22 тамызында Ресей Федерациясы, Краснояр өлкесіндегі Черногорск қаласында дүниеге келген Сорока Лиана Федоровнаның төлқұжатын жоғалтып алуына байланысты оның соңғы құжатталған жері деп көрсетілген Украинаның Алматы қаласындағы елшілігіне сұраныс жібергендігі туралы айтылған. Алайда, Украинадан келетін құжатты Лиана маркұм алып үлгермепті. Ал, Айтбай ақсақал өзінің әкелік құқығын дәлелдеп үлгермей, темір тордың арғы жағына кете барады.

Қазіргі таңда Шымкент қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 19 ақпандағы №274 қаулысымен құжаттар бойынша әкесі жоқ, анасының қайтыс болған кәмелетке толмаған Сорока Елизавета Айтбайқызы мен Сорока Мақсат Айтбайұлы Оңтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасына қарасты «№4 балалар үйі» КММ-де тәрбиеленіп жатыр.

Бізге хабарласқан Айтбай Дүйсебаев балаларын көре алмай жүргенін айтып шағымданды. «Өзіме тағайындалған жаза мерзімінің 6 жылын өтеп, 2019 жылдың 28 қазанында Еңбекші аудандық сотының қаулысымен шартты жазамен босап шықтым. Түрмеден келген бойда бірден ұлым мен қызым тәрбиеленіп жатқан Сайрамдағы балалар үйіне бардым. Басшыларына жолықтым. Бірақ, заңды түрде әкелік құқығым болмағандықтан, балаларыммен кездесуге рұқсат бермеді. ДНК сараптамасын жасап, басқа да тиісті құқықтық рәсімдер арқылы әкелік құқығымды анықтап, Лиза мен Мақсаттың тегін Дүйсебаев деп өзгерттім. Содан соң ғана перзенттерімді көруге, белгіленген күндері келіп тұруға, телефонмен сөйлесуге рұқсат алдым. Балаларым сағынып қалыпты. Мен кеткенде Мақсатым – 6, Лизам – 8 жаста еді. Кішкентай болса да, әкелерін ұмытпапты. Қазір қызым 16-ға, ұлым 14-ке келді. Алла қаласа, қызым биыл 9 сыныпты бітіреді. Барған сайын маған: «Әке, бізді өз қолыңызға алыңызшы. Сізбен бірге тұрғымыз келеді», – дейді балапандарым. Алғым-ақ келеді, бірақ, бір кедергілер болып тұр. 2020 жылдан бастап мекеме басшылары балаларыммен кездесу тұрмақ, телефон арқылы тілдесуге рұқсат бермей отыр», – дейді бауыр еті балаларына деген сағыныштан өзегі өртенген әке.

> ҚАЗІР ҚЫЗЫМ 16-ҒА, ҰЛЫМ 14-КЕ КЕЛДІ. АЛЛА ҚАЛАСА, ҚЫЗЫМ БИЫЛ 9 СЫНЫПТЫ БІТІРЕДІ. БАРҒАН САЙЫН МАҒАН: «ӘКЕ, БІЗДІ ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗҒА АЛЫҢЫЗШЫ. СІЗБЕН БІРГЕ ТҰРҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ», – ДЕЙДІ БАЛАПАНДАРЫМ. АЛҒЫМ-АҚ КЕЛЕДІ, БІРАҚ, БІР КЕДЕРГІЛЕР БОЛЫП ТҰР.

Аталған балалар мекемесі басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бектемісова Әлия Құрманғалиқызымен телефон арқылы хабарласқанымызда, былай деді: «Иә, Елизавета мен Мақсат біздің балалар үйіне 2014 жылы қалалық бейімдеу орталығынан келді. Айтбай ағайды білеміз, ол кісінің басындағы жағдайлармен де жақсы таныспыз. Балалардың екеуінің де қолында ұялы телефондары бар. Әкелерімен кез келген уақытта қалағандарынша сөйлесіп тұрады. Сондықтан, «телефонмен сөйлестірмейді» деген сөзі шындыққа жанаспайды. Қазір білім беру үрдісі қашықтан оқуға көшірілгендіктен, біздегі тәрбиеленушілердің барлығы да демеушілер көмегімен смартфон, планшет, ноутбуктармен толық қамтамасыз етілді. Бұрын телефон ұстау уақытына шектеу қойылса, қазір ол алынып тасталды. Тәрбиеленушілерге қойылатын бір талап – кешкі 21.30-да ұйқыға жатады, сол кезде телефон ұстауға рұқсат жоқ.

Ал, кіргізбеу туралы айтар болсам, Шымкент қалалық бас санитарлық дәрігерінің қаулысымен карантинге байланысты балалар үйіне кіргізуге шектеу қойылған. Бұл жерде 80-ге жуық бала бар. Сондықтан, шектеулерді балалардың қауіпсіздігі үшін денсаулығын сақтау мақсатында жасалған шара деп түсінген жөн. Тек баланы асырап немесе қамқоршылыққа, қорғаншылыққа алатын жандарға ғана ПЦР-тестінің қорытындысы бойынша бетперде тағып, арақашықтықты сақтай отырып, кездесуге рұқсат етіледі. Айтбай аға карантин басталғанға дейін әр жексенбі сайын келіп тұратын. Ол кісіге балаларды өз қолына алуға кеңес бердік. Елизавета да, Мақсат та әкесімен тұруға қарсы емес. Әзірге ол кісіде тұрғын үй мәселесі шешілмей тұр. Сол жағы шешілсе, балаларын алуға қатысты құжаттарын рәсімдеуге кірісе берсе де болады».

Шағымданушының басты мәселесі баспана болып отыр. «Менің 1999 жылдың 1 наурызынан бастап тұрған Шымкент қаласы, «Қайнар бұлақ» саяжайы, «Металлург» тұтыну кооперативі, Жемісті көшесі, 5 үйде қазіргі күні Гүлжан Мамырова деген азаматша тұрып жатыр. Ол бұл үйді Рысбай Дюсебаевтан сатып алыпты. Тергеу барысында анықталғандай, сатып алу құжаты болмаған. Бірақ, Г.Мамырова үйімді босатпай отыр. Шымкент қаласы, Қаратау аудандық әділет басқармасының 2019 жылғы 26 қыркүйекте берген анықтамасында «Металлург» тұтыну кооперативі, БСН 980740005820, 14.08.2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен (мүшелер саны: 35). Кейін аталған кооперативтің төрағасы, (25.09.2014 ж., А.А.Арысбаева), мекенжайы (23.11.2015 ж.), мүшелер құрамы мен санының өзгеруіне (15.04.2017ж., байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. «Заңды тұлғалар» дерекқорында 15.04.2017 жылдан бастап Дүйсебаев Айтбай Әжібекұлы «Металлург» тұтыну кооперативінің мүшесі болып табылады» деп көрсетілген.

Сонымен қатар, «Металлург» тұтынушылар кооперативінің төрағасы А.Арысбаеваның 2019 жылдың 19 қарашасында берген анықтамасы да бар. Онда аталған мекенжайдағы үйдің иесі болып табылатыным туралы жазылған», – дейді Айтбай Әжібекұлы.

Заң бойынша тиесілі баспанасына қолы жетпей, бүгінде Шымкент қаласындағы бейімдеу орталығын мекен етіп жатқан азаматтың алдағы арманы – үйін заман талабына сай жөндеуден өткізіп, қос балапанын қолына алып, тәрбиелеп жеткізу. Әкелері бола тұра, балалар үйінде тірі жетім болып жүрген Лиза мен Мақсаттың да отбасы жылуына бөленіп өсуіне толық құқы бар. Сондықтан, Шымкент қаласының басшылары тағдыр талқысына түссе де, ұлғайған жасына қарамай, қайрат-жігерін жоғалтпаған, алдағы күнге деген үміті зор қарияның баспанасын қайтаруына, ұл-қызын қайта құшағына алуына қолдан келген көмектерін көрсетіп, басты назарда ұстауы қажет деп есептейміз. Газет редакциясы аталған мәселені алдағы уақытта да қадағалап отырады.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

Есептегі ерікті көмек берді

Арал аудандық пробация есебінде тұратын азаматтар еріктілер қатарына қосылып, аудандағы көмекке зәру жандарға қол ұшын беруді игі дәстүрге айналдырған. Осы орайда, есептегі ерікті кезекті қайырымдылық көмегін отбасылық жағдайы төмен, есептегі азаматқа көрсетті. Оның отбасына бірінші кезекте қажетті май, шай, картоп, күріш, пияз және өзге де азық түрлерін алып берді. Жақында осы ерікті азамат аудан тұрғыны мүгедек жанның баспанасын жөндеу, әрлеу жұмыстарымен қоса еденін төсеп, үйін шатырлауға қол көмегін көрсетті.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» демекші, қамкөңіл жандарға қол ұшын созу да қайырлы іс. Мен сияқты жаза басып, жаңылған азаматтар арасында көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасылар бар. Соларға қолымнан келгенінше көмектесуге тырысамын», – деді ол.

Қызылорда облысы бойынша
Қылмыстық-атқару жүйесі
департаменті

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

5.

Атауы	«Другой Ты» корпоративтік қоры
Қызметінің түрі	Коммерциялық емес
Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі	050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, № 5 үй, н.п. 6, 190840009782

Бухгалтерлік баланс
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

мың теңге.

Активтер	Есепті кезеңнің соңына	Есепті кезеңнің басына
Активтер	-	-
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	261	112
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	10	-
Қорлар	575	499
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	6 982	10 155
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	494	-
Басқа да активтер	63	47
Активтердің жиыны	**8 386**	**10 813**
Міндеттеме мен капитал	**-**	**-**
Міндеттеме	-	-
Салықтар бойынша міндеттемелер	800	-
Өзге міндеттемелер	512	-
Міндеттеме жиыны)	**1 312**	**-**
Өз капиталы	-	-
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	7 074	10 813
Капитал жиыны	**7 074**	**10 813**
Капитал жиыны және міндеттемелер	**8 386**	**10 813**

Атауы	«Другой Ты» корпоративтік қоры
Қызметінің түрі	Коммерциялық емес
Заңды мекенжайы, Бизнес сәйкестендіру нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі	050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, № 5 үй, н.п. 6, 190840009782

2020 жылға алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп

мың теңге

Атауы	Соммасы
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	**112**
Келіп түскен қаражат	
Қайырымдылық көмек	89 256
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	3 418
Түскен қаражаттардың барлығы	**92 674**
Пайдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде	**45 746**
Іс-шараларды фото және видео түсіруді ұйымдастыру	45 746
Әкімшілік шығыстар	**46 778**
Барлығы пайдаланылған қаражат	**92 524**
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы	**261**

4. ҚР «Қазақстанның Аудиторлар одағының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы» жеке меншік мекемесі Алматы қаласындағы сессияның қорытындысы бойынша 2021 жылғдың 24-26 ақпан аралығында келесі кандидаттар ҚР аудиторларының біліктілік куәліктерін алғанын хабарлайды: Калиниченко Алена Сергеевна МФ №-0001467 (17.03.2021ж); Стожарова Наталья Богдановна МФ №-0001468 (17.03.2021ж); Насыров Илья Валерьевич МФ №-0001469 (17.03.2021ж); Мамырбаева Жанар Жаксыбековна МФ №-0001470 (17.03.2021ж); Валова Анастасия Валерьевна МФ №-0001471 (17.03.2021ж); Фурсова Елена Ивановна МФ №-0001472 (17.03.2021ж); Рахаев Мухит Абдирашидович МФ №-0001473 (17.03.2021ж); Каукова Лязат Мусаевна МФ №-0001474 (17.03.2021ж); Сатыбалдина Акбота Сериковна МФ №-0001475 (17.03.2021ж); Еламанова Елена Руслановна МФ №-0001476 (17.03.2021ж); Аглакова Гульмира Андакуловна МФ №-0001477 (17.03.2021ж); Данилова Наталья Анатольевна МФ №-0001478 (17.03.2021ж); Пурис Виктория Сергеевна МФ №-0001479 (17.03.2021ж); Жуманов Бейсенбай Нурлыбаевич МФ №-0001480 (17.03.2021ж); Беккулов Бахтияр Даулетович МФ №-0001481 (17.03.2021ж); Акназаров Бахит Макшатович МФ №-0001482 (17.03.2021ж); Пилипьюк Евгения Николаевна МФ №-0001483 (17.03.2021ж); Супиева Наргиза Хамраевна МФ №-0001484 (17.03.2021ж); Мамырбекова Арайлым Ильясовна МФ №-0001485 (17.03.2021ж); Мирзабекова Карима Абдуакатовна МФ №-0001486 (17.03.2021ж).

ТАРАТУ

3. «NephroHelp» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190740013559, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 4-үй, 84-пәтер. Тел.: 87012441443.

6. «Байтерек Қапшағай колледжі», БСН 041040004438, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қапшағай қаласы, «Ивушка» ықшамауданы, 5/1.

7. «Арыстанбек» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 170140032659, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 071510, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Баянауыл көшесі, 17-үй. Тел.: 87783071234.

МҰРАГЕРЛІК

2. 11.03.2021 ж. қайтыс болған Байжанова Айзада Тулепбергеновнаның мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің Түркістан қаласы, 1 ықшамауданы, С.Ерубаев көшесі,12-үй, 26-пәтер мекенжайында орналасқан нотариус Е.Е. Байсбаевқа хабарласуын сұраймыз. Тел.: 87017314766.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАЙҚАЛҒАН ЖАУҚАЗЫН

Мамыр айының басында Қызылорда қаласы жылы болады. Зулаған көліктер легі әсем табиғаттың көркіне тамсануға мұрша бермейді. Қаланың қым-қуыт өмірінен жабыққан Анар жеңіл көлігін барынша баяу айдап келеді. «Жылдам жүрмейсің бе?» деген такси жүргізушісінің сигналынан селк ете қалды. Түсі суық жүргізуші жылдамдықты арттырып, басқаларды да басып озды.

Жабыққан Анар: «бес күн жалған дүниеде адам баласы бейбіт жүре алмай ма?» деп те қамықты. Дүниеде небір залымдар, жанашырлықтан жұрдай, қаныпезерлер бар. Түсіне білгенге мейірімді болу, тіпті, оңай! Ол үшін бар болғаны жүрек керек. Мың-сан ой жетегімен Анар жұмыс орнына жеткенін де аңғармай қалды. Машинасын жолдың жиегіне қойып, сағатына қарап еді, әлі ерте екен. Жаяу жүрмегеніне де көп болыпты. Гүлзарға қарай бұрылды.

Шіркін, көктем қандай керемет! Гүл алқабы көңіліне ерекше қуаныш сыйлады. Жүрек түкпірінде тоң болып қалған қалың шерді жібіткендей болды. Өткен шақтан арылып, алдағы уақыттан жақсылық күтті. Қала тотыдай түрленіп тұр. Қызылды-жасыл жайнаған гүлдер көз қуантады. Кенет бір тылсым күш алға басқан аяғын артқа тартты. Бір орнында қаққан қазықтай қимылсыз қатып қалды. Іштегі өксік жанартаудай атылып, ағыл-тегіл жас саулады. Өзін ұстау мүмкін емес. Жерге сылқ ете қалды. Қаншама уақыттан бері қайғы-мұңның қамытын қымтағанымен, іштегі нала өз дегенін істеді. Оны мұндай күйге түсірген кенеттен көрген жауһазын болатын.

Танысу мен табысу

Ми қайнатар шілденің аптабында да жұмыс істеп жүрген жасыл елдің студенттерін өткен-кеткеннің бәрі мүсіркейді. Жалынды жастарды көріп көңілдері марқаятындар да жоқ емес. Студенттер арасында Қайрат та бар. Аққұба жігіт күні бойы күн астында жүргендіктен шым қара жылқыдай қарайып кеткен. Байқоңырдың тумасы қазақшаға шорқақ. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр еліне келгелі сексеуілдің шоғындай, мірдің оғындай теңеулермен сөздік қорын байытып алды.

Аяғын алшаң басқан балаң жігіттің алдынан қою қара шашы иығына төгілген, күлім көз, қиғаш қас, талдырмаш мүсінді сұлу қыз көктен түскендей шыға келді. Анадайдан көз тартқан тал бойында бір мін жоқ. Айдай сұлу ару жақындай келе нәзік үнмен: «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің талапкерлерді қабылдау орталығы қайда?» – деп сұрады. Үзілдердей үнге Қайраттың өне бойы балқып кеткендей болды. Абдырап барып, әрең жауап берді. Бойжеткенге жөн сілтеп, кете барды. Алайда, ару келбеті ойынан бір сәтке кетер емес.

Сұлу жүз жан-дүниесін, бар ойын баурап алды. Жүрегіне түскен шоқ әсерімен мәжнүннің күйін кешті. Бұрынғыдай ашық-жарқын емес. Бұйығы күйге түсті. Оның бұл қылығын үйіндегілер қалаға барып есейгені болар-ға жорыған. Қайрат үшін демалыс күндері сүреңсіз өтті. Қызбен қауышу үміті бірте-бірте сөне бастады. Сонда да сезіміне шамасы келер емес. Демалысы бітіп, қалаға да жетті. Жатахқанаға кіргені сол еді, төбесінен жай түскендей болды. Ғажап, сол кезде көрген перизаты қарсы алдынан шықты. Бір-ақ сәтте бақытқа кенелді. Кездескендердің бәрімен күліп амандасты. Бұлттан шыққан күндей жайнап кетті. Арманы болған қыздың өзіне назданып қарағаны көңілін көкке шығарды.

Табиғат аясына достарымен шыққан Қайрат ерекше қуанышпен қайтты. Лағыл-жаһұттан арттық қолындағы затын көзінің қарашығындай аялап келеді. Жатақханаға кірген беті ешқайда бұрылмастан Анардың бөлмесіне тіке тартты. Қолындағы жауһазынды сыйлауға ынтық. Кездескен бойда аздап мүдіргені болмаса, бетінен сүйіп тұрып сыйлығын берді. Махаббат қызығына мас болған екеу оқу бітірген жылы шаңырақ көтерді.

Қуаныш пен қайғы

Ата-анаға мейірімді, ағайын-туысқа сыйлы келіндері үшін Қайраттың ата-анасы қуанып жүрді. Қайрат та жарының көркем мінезіне риза болатын. Құдай қосқан қосағына қараса көзі қуанышқа толып, айтқан сөзін екі етпейтін. Сыйластықтары сетінемеген күйде уақыт өтіп жатты. Жұмыстан үйіне асыға жеткенде есіктің алдынан тұла бойы тұңғышы Гаухары күтіп алатын. Гаухары сондай тәтті. Анар екінші балаға жүкті болды. Шуақты күндер бақытты отбасына шұғыласын төгіп тұрды. Бауырлары көмек сұрағанда зәулім үй алуға жинап жүрген қаражатын пендешілікке салып бере алмады. Іштей қынжылса да Қайрат әр отбасының өз мәселесі бар деп өзін-өзі жұбататын. Гаухарын балабақшаға берді. Бала-шағасын жайлы тұрмыспен қамтамасыз ету үшін іссапарға жиі шығып, аянбай еңбек етті. Әйелі мен қызына тосынсый жасағысы келіп көбінесе қайтатын уақытын да нақты айтпайтын.

Қайрат іссапарға кеткенде Анар үйде мүлде тамақ істемейтін. Гаухарын қыдыртып, асты көбінесе сырттан ішетін. Осындай кештердің бірінде ол беймаза күйге түсті. Енесінің «қазаның бос болмасын, шаңырағыңда от жақ» деген сөзін көптен орындамағынына қынжылғандай болды. Есігінің алдына келіп үйге кіруге біраз іркілді. Подъездің есігін аша бергені сол еді, алдынан қарсы шыққан адамды көріп селк ете қалды. Жүрегі бір жамандықты сезгендей болды. Жүгіре басып есігінің алдына жетті. Сыртқы есігі ашық тұр. Қайрат келген болар деген үміт те жоқ емес. Үйінің астаң-кестеңі шыққан. Бойын үрей биледі. Қорқақтай қарап жатын бөлмеге кірді. Ақша жинап жүрген шкафтың аузы ашық тұр. Қаншама уақыт табан ет, маңдай терімен жиған қаржысын бір күнде біреу қолды қылғаны ма?

Тәлтіректеп басып бөлмеге кірді де шыңғырып жіберді. Иә, Қайрат келіпті. Бірақ, қанды оқиға құрбаны болғаны көрініп тұр. Әкесін көптен күткен Гаухар оның қасына жүгіріп барды. Бала жүрегі бір жамандық болғанын сезгендей жан дауысы шықты. Әкесі қимылсыз. Қызына қарауға шамасы келмей, Анар жерге сұлқ түсті. Сөйлеуге, жан-жағына қарауға әл жоқ. Аққан қан еденді алып кеткен. Қайраттың жұдырығы жұмулы. Қолындағысы – жауһазын.

Қылмыстың ашылуына себеп болған қолғап

Тергеуші болғалы Бектің қолы бір босамайды. Түскі асқа да аракідік барады. Анасы баласының отыздан асса да үйленбей жүргенін уайымдайды. Оның түскі үзіліске келгеніне қуанып, зыр жүгіріп жүр. Ылдым-жылдым қимылдап тамағын алдына қойып жатыр еді Бектің телефоны шыр ете қалды. Жақтырмаған анасы: «тіпті, тамақ ішуге де мұрша бермейді» деді ренішті жүзбен. Телефонның ар жағынан: «Дереу басқармаға жетіңіз» деген зілді дауыс естілді. Түскі асын асығып-аптығып ішіп жұмысқа кетті.

«Ел аман жұрт тыныштта адам өлімі орын алып жатыр. Не деген сұмдық. Қылмыстың ізін суытпай шұғыл анықтау қажет. Жедел тергеу тобы құрылды. Сізді топ жетекшісі етіп бекіттім. Жедел ізге түсу, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізіп кінәліні құрықтаңыз. Сізге сенемін. Іске сәт!» деген тақырбас бастық Жұман Бекті кабинетінен шығарып салды.

Қылмыс болған үйдің маңына жақындағанда Бек дүкеннен су сатып алды. Дүкен жанындағы қоқыс жәшікте жатқан медициналық қолғап оның назарын бірден аударды. Салафан қалтаға салып алды. Әрі қарай оқиға орнына барып, тексеру жүргізді. Көзге ілінетін ешнәрсе таппады. Жарақат қатты доғал заттың әсерінен болғанға ұқсайды. Бірақ айналасынан ондай зат көзге іліге қоймады. Тек балконнан балға көрді. Қылмысты ашу оңайға соқпайтын тәрізді. Айғақ зат жоқ. Күдік тудырар деректер жоқтың-қасы.

Ең бірінші марқұмның әйелінен жауап алды. Кейбіреулер Анардың өзін кінәлауда, содан болар оның жүрегі шайлығып қалған. Тергеу тобындағылар әйелі кінәлі болуы әбден мүмкін мұқият тексеру керек десіп жатты. Анардан Қайраттың ортасы, жанжалдасқан адамдарының бар-жоқтығын туралы сұрады. Қайғыдан қан жылаған әйел жарытып ешнәрсе айта алмады. Бек ертеңіне тағы келді, есіктің алдында аула сыпырушы жүр екен. Ол тергеушіні көре сала абыржи бастады. Жақын маңайдағы камераларды шолу барысында аула сыпырушының марқұмның подъезіне кіргендігін көрді. Күдігі ұлғая бастады. Оның жеке басы туралы деректерден бұрын сотты болғаны анықталды. Жауап алу барысында Темірхан Қайраттың көршісі Жұмабекке барғандығын айтты. Тергеуші тұщымды ештеңе таппай, түнгі сағат он бір шамасында салы суға кетіп үйіне қайтты. Анасы кірпік ілместен күтіп отыр екен.

Қайраттың досы Төребек Анарға көмектесіп, жанашырлық танытып жүр. Тергеушіден қылмыскердің табылатын түрі бар ма деп те сұрап қояды. Есіктегі саусақ іздерінде Жұмабектікі де бар болып шықты. Оны жауап алу үшін басқармаға шақыртты. Алайда, ол вахталық жұмысқа кетіп қалыпты. Байланысу мүмкін болмады. Тығырыққа тірелген тергеушінің шақшадай басы шарадай болды. Ұрланған әшекей бұйымдар жайлы ломбардтарға сұрау салды. Темірханның қымбат жүзік тапсырғаны анықталды. Темірханның үйіне тінту жүргізу үшін тергеу судьясына санкция беру туралы мәселе қойғанымен, судья оның қылмысқа қатыстылығы негізделмеген деген уәжбен тінту туралы қаулыны санкциялаудан бас тартты. Бұған Бектің сағы сынбады, қылмыс болған аймақтағы ұялы байланыс операторларынан мәліметтер алу туралы санкцияға қолжеткізді. Төребектің бір әйелмен сөйлескені, Темірханға: «Іске кірісеміз бе?» деген сөзі анықталды. Қосымша жауап алу мақсатында Темірханға қайта барды. Ауырып жатыр екен. Жас тергеушінің жүзіне ойлы көзімен барлай қараған ол мені адам өліміне кінәлі санайсың ба?– деп сұрақты төтесінен қойды.

Ол «біздің жұмысымыз» деп күмілжи жауап берген Бекке «Өмірлік тәжірибең әлі аз екендігі көрініп тұр. Әдетте мұндай қылмысты ең жақын адамдары жасайды, соны сен қалай аңғармайсың?» деген ойын ашық білдірді. Сонымен қатар, ол жас тергеушіге өз өмірбаянынан да сыр шертіп, ақыл айтқандай болды:

– Түріңе қарасам иманжүзді екенсің. Өмірде анаңды ренжітпе және жазықсыз адамға жапа шектірме. Мен өмірде көп қателескен адаммын. Атадан жалғыз тұяқ едім. Әкем ерте қайтыс болды. Анамның арқа сүйері жалғыз мен едім. Бірақ, оны кезінде түсінбедім. Анамның мені үйленеді, немере сүйем деген үмітін ақтамадым, жаза бастым. Оған себеп құмар ойын болды. Құмар ойынға ақша таппай, қылмыс жасады десең қателесесің. Құмар ойын кімді де болса адамшылықтан жұрдай етеді екен. Бұған біз жастық шақта мән бермейміз.

Жастық жалынның әсерімен жалғанды жалпағынан бастық. Құмар ойын ойлануға, жан-жағыма қарауға, жақындарыма көңіл бөлуге мұрша бермеді. Адал еңбектен, тура жолдан тайдырды. Адамды аяушылықтан жұрдай етіп, қаскөй, арамзаға айналдыратын құмар ойын нағыз әзәзілдің өзі екен. Анам маған қатты ренжіді. Мен сотталғанда жалғыз сиырын сатты. Ұяттан жерге кірген жалғыз жанашырымның сот залында егіл-тегіл жылағаны әлі күнге дейін көз алдымда. Қайран анам, жалғызының күйігін көтере алмай, тар қапаста отырғанымда қайтыс болды. Есіме алсам өкінішім өзегімді өртейді. Ақтық сапарға шығарып сала алмағаным шерменде күйге түсіреді. Құсадан жарылып кете жаздаймын. Көп жәбір көрдім, ақ сүтін беріп, аялап өсірген анамның разылығын алмағандығымнан болар, басымнан қырсық арылмай қойды. Жасамаған қылмысты мойныңа аласың деген орган қызметкерлерінің теперішінен қатты қиналдым. Білесің бе, сол қинаушылардың біреуінің де өмірде жолы болмады. Сен жассың анаңның батасын ал, оны әркез қуанта біл және жазықсыз адамға зұлымдық жасама.

Темірханның үйінен ойға шомып шыққан Бек көшенің бойынан Төребектің машинасын көрді. Ол тұрған үй карта ойнайтындардың жиналатын жері еді. Ертеңіне Темірханның қайтыс болғанын естіді. Төребектің үйіне барды, есік ашқан анасы баласының ұйықтап жатқанын айтты. Уайымға батып, мүжілген кейуана қинала күрсініп, картаның кесірінен ұлының жұмыстан шығып қалғанын жеткізді. Сонымен қатар ол «Қарыз емес адамы жоқ. Қарыз берушілер ақыры сіздерге арызданған болып тұр ғой, қазір оятайын» деп ішкі бөлмеге кіріп кетті.

Бет-аузы ісіп кеткен Төребек Бекті көре сала еш саспастан қылмыскер табылды ма деген сұрағын қайталады. Иә деген Бекке дұрыс болған, кім екен деп сұраулы жүзбен қарады. Екеуінің арасында аз-кем сұрақ-жауап өрбіді:

– Қарызы бар, Қайратқа жақын жүрген адам.

– Қайраттың жақын достары көп еді, қайсысы болды екен?

– Кезінде Анарды жақсы көріп қолы жетпеген, карта ойнайтын, қарызы көп досын білуші ме едіңіз?

– Дәлеліңіз бар ма?

– Қылмыс оқиғасы орын алған сәтте аула сыпырушы Қайраттың үйіне кірген адамды көріпті.

– Темірхан қайтыс болған жоқ па?

– Жазбаша түсінігі бар.

– Дәлел аз ғой.

– Жұмабек вахтадан келді, ол да Қайраттың үйінен шыққан адамды көргенін айтты.

– Қылмыскер деуге дәлелің жеткіліксіз екен, болжамға сүйеніп соттауға болмайды, күмән сотталушының пайдасына шешілетінін жақсы білесің ғой.

– Оқиға болған күні Қайраттың үйінің жанында сөйлескен арудан Анардың әшекейі табылды, ол өзіне оның қайдан келгендігін жасырмады.

Төребек үнсіз қалды, Бек ары қарай сөзін жалғады.

– Сіз қылмысты мінсіз ұйымдастырғансыз. Қайраттың іссапардан келіп, ұйықтайтынын білесіз. Ақша алған адамдарыңыз тыныштық бермей, одан қарыз сұрадыңыз. Сіздің қандай адам екеніңізді жақсы білетін Қайрат, әрине, бермейді. Сонда да алған бетіңізден қайтпадыңыз. Бар ойыңыз ақша алу болды. Арам ойыңызды іске асыру үшін балконға шықтыңыз. Бұрышта жатқан балғаға көзіңіз түсті. Балғада саусақ іздері қалмас үшін қалтаңыздағы медициналық қолғапты кидіңіз. Бірақ, сіз бір нәрсені ескермедіңіз, саусақ іздері қалмағанымен, үйде аяқ киім ізі қалған болатын. Үйден шыға дүкеннің жанына қолғапты тастап кеттіңіз. Оның ішінде тер-май іздері қалатынына мән бермедіңіз. Сол күні кешке карта ойнадыңыз. Картадағы достарыңыз сіздің сол күні мол қаржымен келгеніңізді айтты.

Сот залында Төребектің кінәсін толық мойындағанын естігенде Анар қатты күйзелді. Өмірі тұйыққа тірелгендей, ендігі тірліктің мәні жоқтай көрінді. Қайратсыз қалай өмір сүрмек? Бірақ, балаларының тағдыры не болмақ? Оны осы ой ұстап қалды.

Өлмектің артынан өлмек жоқ екен. Тірі адам тіршілігін істейді. Қайраттан қалған тұяқ Гаухарды, әкесін көрмей дүние есігін ашқан Арманды жеткізуді ойлап, тіршіліктің қатал ызғарымен, ауыр соққысын көтеруге белін бекем буды.

Өткені есіне түсіп, ұзақ уақыт отырып қалғанын енді аңғарған ол «жайқалған жауһазынды жақсы көруші ме едіңіз?» деген тергеуші Бектің дауысынан селк ете қалды…

Берік КЕРУЕНБАЕВ,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған
тергеу сотының аға сот приставы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №43 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31